Әділет

# Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы мен қуаттары көтерме рыногын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Энергетика және Минералдық ресурстар министрінің 2001 жылғы 12 қаңтардағы N 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 19 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1366. Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 197 (V043086) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы мен қуаттары көтерме рыногын жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаттары көтерме рыногының тиімділігін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 606 P000606_ қаулысын орындау үшін БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы мен қуаттары көтерме рыногын ұйымдастыру мен жұмыс істеу ережесі;

2) Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетика жүйесінің техникалық операторларына қызмет көрсету ережесі;

3) Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаттары рыногының Рыноктық операторларына қызмет көрсету ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және қатты отын департаменті осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген Ережені заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. 1) Қазақстан Республикасы Бірыңғай энергетика жүйесі техникалық операторы қызметін "KEGOC" ААҚ;

2) Қазақстан Республикасының электр қуаты мен рыногы көтерме рыногының (бұдан әрі - ЭҚЭКР) Рыноктық операторының функциясын "КОРЭМ" ЖАҚ орындайды деп табылсын.

4. Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы мен қуаттары көтерме рыногын ұйымдастыру мен жұмыс істеу ережесінің 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ЭҚЭКР-дағы сатып алушылар мен сатушыларды техникалық жарақтандыруға қойылатын талаптарды ЭҚЭКР субъектілерінің орындау мерзімдері мынадай болып белгіленсін:

1) ұзақ мерзімдік дискретті жадты электр энергиясы мен қуаттарына коммерциялық есеп жүргізу аспаптары бойынша:

электр энергиясы мен қуатын сатушылар - 2002 жылғы 1 қаңтарға дейін;

электр энергиясы мен қуатын сатып алушылар - 2002 жылғы 1-шілдеге дейін;

"КЕГОК" ААҚ - "КЕГОК" компаниясының электр өткізу жүйесін сауықтыру жобасы (Дүниежүзілік Банктің займы) белгілеген мерзімде;

аймақтық электр тораптық компаниялары егер де олар ЭҚЭКР-да тек қана энергия беруші ұйымның функциясын орындаса - 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін;

2) коммерциялық есеп жүргізу аспаптарынан Техникалық оператор мен Рыноктық операторға, сондай-ақ сатып алынатын және (немесе) сатылатын электр энергиясының және қуаттарының шамасы туралы телеметрлік ақпаратты жинау мен беру жүйесі бойынша - 2003 жылғы 1-қаңтарға дейін.

5. Есеп айырысу кезеңі:

1) айға (техникалық жабдықтаудың қазіргі жағдайында);

2) тәулікке (ЭҚЭКР субъектілерін ұзақ мерзімдік дискредиті жадты электр энергиясы мен қуаттарына коммерциялық есеп жүргізу аспаптарымен және олардан Техникалық және рыноктық операторларға деректер беру құралдарымен жабдықталған соң);

3) сағатқа (электр энергиясына коммерциялық есеп жүргізудің автоматтандырылған жүйесі құрылғаннан кейін).

6. Мына бұйрықтардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының электр қуаты мен энергиясы көтерме рыногын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 381 бұйрығы;

2) "2000 жылғы 7 қарашадағы N 372 бұйрықтың күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің міндетін атқарушының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 408 бұйрығы;

3) "Қазақстан Республикасы Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Техникалық операторының қызмет көрсету ережелері" іске қосылған сәттен бастап "Диспетчерлендіру жөніндегі қызмет көрсетуді пайдалану ережелерін бекіту туралы" V001282_ Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің міндетін атқарушының 2000 жылғы 7 қарашадағы N 372 бұйрығы.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қазақстан Республикасы
Премьер - Министрінің
орынбасары - Министр

Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық
ресурстар Министрінің
2001 жылғы 12 қаңтардағы N 8
бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеуінің Ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеуінің ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының "Электр энергетикасы туралы" Z990438_ Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 384 P990384_ қаулысымен бекітілген 2030 жылға дейінгі электр энергетикасын дамыту бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1193 P971193_ қаулысымен бекітілген электр энергиясын әрі қарай дамытудың 1997-2000 жылдарға арналған бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 606 P000606_ қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының электр қуаты мен энергиясының көтерме нарығын жетілдіру Тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне K941000_ және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногы (әрі қарай - ЭҚКР) субъектілерінің арасында туындаған қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен, осы Ережелермен, басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен және ЭҚКР субъектілері арасындағы шарттармен реттеледі.

3. Ережелер Қазақстан Республикасының аумағындағы ЭҚКР-ның жұмыс істеу тәртібін белгілейді.

### 2. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

4. Ережеде келесі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) теңгеруші электр энергиясы - қолданыстағы сағаттық график өткізу кезінде тұрақсыз түрде пайда болған теңсіздіктерді жою үшін пайдаланылатын энергия;

2) теңгеруші ЭҚКР - рыноктық оператордың қатысуымен электрлік энергияны баланстаушы сату-сатып алу шартты бекіткендегі және орындағандағы ЭҚКР субъектілері арасындағы қатынас;

3) екіжақты мерзімдік шарт - рыноктық операторының қатысуынсыз ЭҚКР субъектілері арасында екі жақты негізде шексіз мерзімге (жылы, айы, күні, сағаты және басқа мерзімдер) жасалынған келісімдер;

4) клирингтік баға - ең қымбат іріктелген рыноктық операторының электрлік

энергия қорын сатуда, оны сатып алу сұранысын қанағаттандыра отырып, ұсынылған соңғы баға;

5) ЭҚКР коммерциялық диспетчеризациялауы - рыноктық механизм негізінде баланстауға ЭҚКР қатысушы ұйымдарының арасында өзара есеп айырысу және ЭҚКР электрлік энергия беру және тұтыну тәртібін, өндірісін реттейтін орталық тәртіпте жүзеге асырады;

6) ұлттық энергия беру ұйымы - аймақ аралық электр энергиясын беруін анықтайтын, аймақ аралық электрлік жүйе деңгейде пайдаланатын және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергия жүйесінің техникалық операторының міндетін орындайтын ұйым;

7) жүктеме тұтынушы-реттеуші - тәулік барысында анықталған сағатта электрлік энергияның тұтынуын төмендете алатын тұтынушы;

8) қайта сатушы (трейдер) - өз атынан көтерме саудада электрлік энергияны сату-сатып алу және өз есебінен қайта сату нәтижесінде кіріс алу мақсатында шарт жасайтын, электрлік жүйелері жоқ және қызмет көрсетпейтін ЭҚКР субъектісі;

9) электрлік қуат резрвтерінің ПУЛ-ы (ПУЛ ЭҚР) - энергия өндірушілермен, энергия беруші ұйымдармен және көтерме тұтынушылармен ПУЛ ЭҚР субъектілерінде тапшылық апат электр қуаты олардың шарт бойынша міндеті қатынасында электр қуат қорын жабу үшін ерік негізінде құрылған мекеме, ұйым ;

10) есептік кезең - ЭҚКР рыноктық операторының электр энергиясын жеткізу-тұтынуда қорытынды бойынша жасаған нақты баланс кезеңінің бөлігі;

11) реттеуші орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган P940288_ ;

12) аймақтық энергия беру ұйымдары - Қазақстан Республикасының жекелеген ішкі аймақтарында электрлік энергия беруді жүзеге асыратын және аймақтық және (немесе) жергілікті деңгейде жүйені пайдаланушы ұйым;

13) қуат резерві - ЭҚКР пайдалана алатын агрегат қуаты міндетінен бос энергия өндіруші ұйым;

14) ЭҚКР Рыноктық операторы - ЭҚКР-де рыноктық механизм көмегімен электрлік энергияның тұтыну және өндіру коммерциялық диспетчеризациялау тәртібін жүзеге асыратын ұйым;

15) шұғыл ЭҚКР - ЭҚКР субъектілері арасында екі жақты мерзімді шарттар жасасуда және орындауда, шарт бойынша электрлік энергияны келешекте белгіленген мерзімде жеткізуде қалыптасатын қатынас;

16) тәулік кестесі - Қазақстан Республикасының алматы уақыты бойынша әр күнтізбелік тәулік бойы сағат 0-00-ден 24-00-ге дейін электрлік қуат және

энергия нарық субъектісі орта сағаттық мөлшердегі электрлік энергияны өндіру, беру және тұтынуды реттейтін белгіленген тәртіпте және рыноктық оператормен жасалған бекітілген құжат;

17) Қазақстан Республикасы бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің техникалық операторы (бұдан әрі - техникалық оператор) Қазақстан Республикасының бірыңғай электрлік энергия жүйесінің (бұдан әрі - БЭС) және ЭҚКР (осы бөлімнің 7 бөлімшесін қараңыз) электрлік энергия және (немесе) қуатын өндіру, жеткізу және тұтыну тәртібінде орталық жедел-диспетчерлік басқарма жүзеге асыратын ұйым;

18) уәкілетті орган - электр энергиясымен байланысты қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

19) фактілік баланс - ЭҚКР мерзімді субъектілерге және есептік кезеңде теңгеруші ЭҚКР электр энергиясын өндіру, жеткізу және тұтыну көлемдерін адрестік үлестіруді белгілейтін құжат.

### 3. ЭҚКР субъектілері

5. ЭҚКР субъектілерінің заңды тұлғалары мыналар болып табылады:

1) ЭҚКР-да электр қуатын және энергиясын сатып алушылар мен сатушылар;

2) құрамында өздерінің жекеменшік станцияларынан Ұлттық энергия беруші ұйымдардың торабы арқылы сол ұйымдардың құрамына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын беретін электр станциялары бар ұйымдар;

3) ұлттық энергия беруші ұйым;

4) аймақтық энергия беруші ұйым;

5) шет мемлекеттердің белгіленген тәртіппен электр энергиясының және ( немесе) қуатының экспорты мен (немесе) импортын жүзеге асыратын заңды тұлғалары;

6) ЭҚКР-ң рыноктық операторы;

7) ПУЛ ЭҚР және ЭҚКР-да осындай қызмет түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар.

### 4. ЭҚКР-да электр энергиясын (қуатын) сатуға және сатып алуға құқық алу шарты

6. Электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алушылар мен сатушылар, сондай-ақ құрамында өздерінің жекеменшік электр станцияларынан Ұлттық энергия беруші ұйымның торабы арқылы сол ұйымдардың құрамына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын беретін электр станциялары бар ұйымдар ЭҚКР-да электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алуға және (немесе) сатуға құқықты алады, сондай-ақ рыноктық оператормен және Техникалық оператормен бірлесе отырып, осы ережелермен ұсынылып отырған нысан бойынша (1 және 2 қосымша) Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен

қуатының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы үшжақты шартқа қол қойылған жағдайда оны Ұлттық энергия беруші ұйымның тораптары арқылы беру құқығына ие болады.

Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы шарт рыноктық оператормен оның коммерциялық қызметті қайтарусыз көрсетуіне жасалған электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алушының және сатушының арасындағы шарт болып табылады.

7. Рыноктық оператор мен техникалық оператор ЭҚКР субъектілерімен бірге мынадай шарттардың ақырғы болып орындау кезінде "Қазақстан Республикасының электр қуаты мен энергиясының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартқа қол қояды:

1) қолданылып жүрген заңнамамен көзделген жағдайларда жүзеге асыратын қызметіне сәйкес лицензиясы болғанда.

Электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу құқық лицензиясы - электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алуын жүзеге асыратын ұйым үшін ұйымдар тек электр энергиясын өндіру құқығына лицензиясы бар энергия өндіруші ұйымдардан, немесе электр энергиясын және (немесе) қуатын импортына құқылы ұйымдардан ЭҚКР-де электр энергиясынан сатып алуға құқылы;

2) ЭҚКР ұзақ мерзімді дискредиттік естелікке электрлік энергия және (немесе) қуат және қаражат құралдар (немесе жүйелер) сатып алуға (сату) коммерциялық есебі және олар туралы деректер техникалық және нарықтық операторлар орталық диспетчерлікке беруге;

3) диспетчерлік бөлімдер бар, орталық техникалық диспетчерлігімен байланысты жарақтандыру қаражаттары, аттестацияланған және оқытылған қызметкерлер, коммерциялық есептегі құралдарға қызмет көрсету үшін Қажетті нұсқаулықтармен қамтамасыз етілген, тәулік бойы жедел-диспетчерлік, жедел іске қосуға құқылы және жедел рыноктық және техникалық операторлар диспетчерлік орталықтармен келіссөздер жүргізуге немесе осындай өкілеттілік берілген қандай да бір диспетчерлік орталық;

4) электр энергиясын және (немесе) қуатын сатудағы және (немесе) тұтынудағы көлем туралы телеметрлік мәмлеттерді беру және жинау жүйесінің болуы;

5) әр тұтынушыдан (энергия өндіруші ұйымдардан) тәулік барысында (базалық) тұтынуда (жеткізуде) электр энергиясы және (немесе) қуаты 5мВт аспайтыны жөнінде міндеттеме алу. Осы міндетті бұзғанда ЭҚКР-ді ЭҚКР-нен электр энергиясын сатып алу-сату құқығынан айырады.

Осы Ережеден ЭҚКР-де энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын

меншік мұқтажынан сатуды жүзеге асыруға және 01.01.2001 ж. дейін тікелей Ұлттық энергия беруші ұйымдар жүйесіне қосылған электр энергиясын және ( немесе) қуатын тұтынушыларға осы Ережеден тыс шығу мүмкіндігі беріледі. Осындай тұтынушылардың тізімі өкілетті органмен анықталады.

8. Ереженің 7-тармағында көрсетілген диспетчер бөлімдері, жедел қызметкерлер, коммерция есебіндегі құралдар, деректер беру қаражаттары, телеметрлік мәліметтер беру және жинау жүйелері және байланыс қаражаттары өкілетті орган белгілеген техникалық нормативтік талаптарға сәйкес болу керек.

9. Ереженің 7 және 8-тармағының 2, 3, 4 тармақшасында көрсетілген шарттарды сатып алушының (сатушы) орындауы техникалық оператор сатушы және сатып алушының қатысуымен жасаған, "ЭҚКР-де бірлесіп қызмет көрсету туралы" шартқа қосымшасы болып табылатын куәландырылған актіде растайды.

Сонымен бірге куәландырылған актіде коммерциялық есептегі приборлардың орналасқан орны және олардың техникалық сипаттамасы электр жүйесінің баланстық иелік шегінің нүктелері және пайдалану жауапкершілігі көрсетіледі.

10. Коммерциялық есептегі құралдар, деректер беру қаражаттары, байланыс қаражаттары және телеметрлік мәліметтер беру және жинау жүйелері өкілетті орган белгілеген техникалық нормативтік Ереженің 6-тармағының 2 және 4-тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, егер сатушы және (немесе) сатып алушы өзіне міндеттемелерді қабылдаған жағдайда ғана осы Ережедегі ұсынылған нысан бойынша (2-қосымша) "Электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногында бірлескен қызмет туралы" Рыноктық оператор мен техникалық оператор арасындағы үшжақты келісімге қол қоюға құқылы:

1) диспетчеризациялау қажеті үшін техникалық және рыноктық оператормен келісіп, байланыс арнасының (факс, телетайп, электрондық почта) көлемі және мерзімі бойынша мәліметтерді беруді ұйымдастыруға;

2) нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте реттеуді, оның ішінде ЭҚКР-де келісім-шарттық тұтынудағы немесе электр энергиясының жеткізілімдегі емес есептік кезеңнің нәтижелері бойынша анықталған бақыланады есептік мерзім қорытындысы бойынша қаржыландыруды қос қабылдауға.

11. Сатып алушы электр энергиясын өз тұтынуы үшін емес, басқа тұтынушыларға жеткізу үшін сатып алғанда, осындай тұтынушыларға Ереженің 7-тармағының 2, 3, 4, 5-тармақшаларының талаптары таратылады.

12. Ереженің 6, 7, 8 және 9-тармақтарында көрсетілген шарттарды орындау барысында аймақтық энергия беруші ұйымдар және шет мемлекеттердің заңды тұлғалары ЭҚКР-нен электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алу және ( немесе) сату құқығына ие болады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы

халықаралық шарттың қатысушысы болып табылған, кеден және белгіленбеген басқа да заңдардың талаптарын орындағанда электр энергиясын импорт және экспортқа шығару жүзеге асырылады.

13. "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартта техникалық және рыноктық операторлар мынадай міндетті ережелерді көздеуі тиіс:

1) ЭҚКР-дағы тараптар қызметтерінің мәні;

2) Осы Ережелердің 6-тармағы 1)-6) тармақшаларында көрсетілген ЭҚКР-да электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алуға-сатуға құқық алуға және оны ұлттық энергия беруші ұйымның тораптарымен беру құқығына ие болу үшін белгіленген шарттарды сатушының (сатып алушының) орындау мөлшері және олардың орындалуын тексеру тәртібі;

3) ЭҚКР сатушысының (сатып алушысының) коммерциялық есеп приборлары, олардан тарайтын деректерді беру құралдары, телеметриялық ақпаратты жинақтау мен беру жүйелері және байланыс құралдары уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда техникалық операторға қажетті ақпаратты беруі;

4) Есептік кезеңнің қорытындылары бойынша техникалық оператор анықтаған дисбаланстарды қосқанда, баланстаушы ЭҚКР арқылы алынған электр энергиясының құнын сатып алушының (тұтынушының) төлеу тәртібі, сондай-ақ рыноктық оператор қызметіне ақы төлеу тәртібі;

5) Есептік кезеңнің қорытындылары бойынша рыноктық оператордың нақты балансты құруы үшін қажетті деректер, оларды ЭҚКР субъектілерінің беру тәртібі;

6) Техникалық оператордың құқықтары: ЭҚКР-да сатылған және (немесе) сатып алынған электр энергиясын және (немесе) қуатын жеткізудің - тұтынудың белгіленген тәртіппен берілген режимін сақтауға бағытталған шұғыл-техникалық сипаттағы шаралар қабылдау; осы Ережелердің 6-тармағы 2)-4) тармақшаларында көрсетілген шарттарды ЭҚКР субъектісінің орындауын қосымша тексеру және бұл шарттар орындалмаған жағдайда анықталған ауытқушылықты (кемшілікті) белгіленген мерзімде жояды талап ету;

7) Рыноктық оператордың құқықтары: ЭҚКР субъектісіне орындау үшін ЭҚКР-да сатылған және (немесе) сатып алынған электр энергиясын және (немесе ) қуатын жеткізудің - тұтынудың белгіленген тәртіппен берілген режимін соңғы болып сақтау жөнінде нұсқау беру; есептік кезеңнің қорытындылары бойынша рыноктық оператор анықтаған дисбаланстарды қосқанда, баланстайтын ЭҚКР-нан сатып алынған және (немесе) тұтынылған электр энергиясын төлеу үшін ЭҚКР субъектісіне хабарлама жазып беру;

ЭҚКР субъектісін баланстайтын ЭҚКР-тағы орталықтандырылған

сауда-саттыққа жібермеу және ЭҚКР субъектісіне, егер де ол тұтынушы болып табылса, немесе ЭҚКР субъектінің тұтынушысына, егер ол электр энергиясын және (немесе) қуатын сатушы (қайта сатушы) болып табылса, баланстайтын ЭҚКР-нан сатып алған және (немесе) тұтынған электр энергиясына есепшоттарын ЭҚКР субъектісі өз уақытында төлемеген жағдайда, есептік кезеңнің қорытындылары бойынша рыноктық оператор анықтаған дисбаланстарды қосқанда, сондай-ақ рыноктық оператор қызметіне өз уақытында төленбеген жағдайда электр энергиясы мен (немесе) қуатын жіберуді (беруді) шектеу.

## 5. Электр қуаты резервтерінің ПУЛЫ (ЭҚР ПУЛЫ) және осы қызмет түрлерін ЭҚКР-да жүзеге асырушы ұйымдар

14. ЭҚКР-да функциялары осы Ережелерге және электр энергетикасындағы басқа да нормативтік-құқықтық кесімдерге қайшы келмейтін электр энергиясы мен қуатын рыногы субъектілерінің ерікті негізінде тағайындалған ұйымдардың қызметіне рұқсат етіледі.

15. ЭҚКР ПУЛ және осы тектес ұйымдар өз қызметін ЭҚКР-да осы Ережелерге және ЭҚКР субъектілерімен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

## 6. ЭҚКР-дағы Рыноктық оператор

16. ЭҚКР рыноктық операторы ЭҚКР коммерциялық диспетчеризациялауын жүзеге асырады және осы мақсатта келесі міндеттерді орындайды:

1) электрлік энергияны және (немесе) қуатты сатып алу-сату және қызмет көрсетуде орталықтандырылған ақпараттық қамтамасыз ету операциясын жасаушы ұйым;

2) "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" электрлік энергияны сатып алу және сатуда баланстаушы күнделікті сауда ұйым;

3) ЭҚКР арасындағы сатып алушылармен және сатушылар арасындағы электр энергиясын сатып алу және сату екі жақты мерзімді шарттарды жасау және шарттары оған беру туралы деректер базасын жасайды;

4) тәулік графигін жасайды;

5) Тәулік графигі көлемінде ЭҚКР субъектілерінің электрлік энергияны және (немесе) қуатты жеткізу-тұтыну режим мониторингінің орындалуын жүзеге асырады;

6) Баланстаушы ЭҚКР жұмыс қорытындысы және екі жақты мерзімдік шарттар бойынша олардың есеп айырысуын жасау мақсатында ЭҚКР субъектілерінің электр энергиясын жеткізуде-тұтынуда нақты балансын жасайды ;

7) Есептік мерзімде алынған электр энергияны баланстаушы ЭҚКР үшін ақы төлеуін хабарламасын қояды;

8) қосалқы және ақпараттық сипаттағы қосымша қызмет ұсынады.

## 7. Техникалық оператор

17. Техникалық оператор ЭҚКР орталық жедел-диспетчерлік басқармасының электр энергиясын және (немесе) қуатын беру және тұтыну режимін жүзеге асырады және осы мақсатта мына міндеттерді орындайды:

1) Рыноктық оператордың электрлік энергияны тұтыну және өндіріс жасаған тәулік графигін техникалық іске асырады;

2) Рынок операторының командасы бойынша іске ЭҚКР балансындағы қорын қосуға;

3) ПУЛ ЭҚР қуаттарының резервін және осы тектес ұйымдардың іс-қимылын жасалынған шартқа сәйкес қосуға;

4) Халықаралық байланыс жүйесін қалыпты қамтамасыз ету мақсатында Ресей РАО ЕЭС және Орталық Азия ОЭС орталық диспетчерлігімен ортақ қарым-қатынасты ұйымдастыруға;

5) ЭҚКР тұтынушыларға үздіксіз электрмен жабдықтауда техникалық талаптарды сақтау;

6) қосымша техникалық сипаттағы қызметтерді жасауға.

18. Техникалық оператордың міндеттері Ұлттық энергия беруші ұйымдармен орындалады.

## 8. Ұлттық энергия беруші ұйым

19. Ұлттық энергия беруші ұйым ЭҚКР-де келесі міндеттерді орындайды:

1) ЭҚКР-де сатылған және (немесе) сатып алынған электрлік энергияны шарттар негізі бойынша аймақ аралық деңгей жүйелерінде беруді және (немесе) таратуды жүзеге асырады;

2) Мемлекеттік стандартта және басқа да нормативтік құқықтық стандарттау актілері мен белгіленген талаптарға сәйкес оның электрлік энергия жүйелерімен берілу сапасын қамтамасыз етеді;

3) Шарттар негізінде шет мемлекеттер аймағында шет мемлекеттік энергия беруші ұйымдармен электрлік энергиясын және (немесе) қуатын импорттау және экспортқа беруін қамтамасыз етеді.

## 9. ЭҚКР құрылымы

20. ЭҚКР:

1) Екі жақты негізде келешекте белгіленген мерзімде жеткізілетін сатылатын-сатып алынатын электр энергиясы және (немесе) қуатының мерзімді ЭҚКР;

2) ЭҚКР теңгеруші электр энергиясының жеткізу-тұтыну баланс режимі мақсатында орталық саудада "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" сатылатын-сатып алынатын электр энергиясынан құралады.

### 10. ЭҚКР қатынастарын басқару және реттеу

21. ЭҚКР мерзімді және теңгеруші қатынастарын басқару және реттеу техникалық және рыноктық операторлар электр энергиясын сатып алушы және (немесе) сатушылар арасындағы үш жақты ЭҚКР-де бірге қызмет көрсету туралы шартымен, осы Ережелермен, басқа да нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте рыноктық және техникалық операторлармен жүзеге асырылады.

22. ЭҚР ПУЛ және осыған ұқсас ұйымдардағы қарым-қатынастарды басқару және реттеу осы ұйымдардың Ережелерімен, сонымен бірге осы Ережелермен және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

### 11. ЭҚКР мәмілесінің мәні

23. ЭҚКР мәмілесінің мәні мыналар болып табылады:

1) Мерзімді ЭҚКР-де - энергия беру ұйымдар және тұтынушылар арасында баланс шегіне қатысты белгіленген нақты коммерциялық тұтыну есебі приборының көрсеткіші бойынша анықталған және тұтынушымен тұтынылған электр энергиясы және (немесе) қуаты;

2) Баланстаушы ЭҚКР-де - рыноктық операторымен есептік мерзім қорытындысы бойынша шыққан сәйкессіздік және "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" орталық сауда қорытындысы бойынша жасалған ЭҚКР баланстаушы мәміле бойынша көлемі анықталған сатылған және сатып алынған электрлік энергия.

### 12. ЭҚКР-де мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату бойынша мәміле

24. Мерзімді ЭҚКР-де электр энергиясын сатып алу-сату бойынша мәміле электр энергиясын тараптар келісімінде белгіленген баға бойынша сатып алушылар мен сатушылар арасындағы екі жақты мерзімді шарт негізінде жүзеге асырылады. Осындай мәмілелер қатынасына берілген режимді баланстау мақсатында тәулік графигін тарату процесіне екі жақты негізде жасалынған мәмілелерде кіреді.

25. Электр энергиясын сатып алу-сату екі жақты мерзімді шарттары сатып алушылар және сатушылар тікелей келіссөздер жүргізу, сондай-ақ бұқаралық ақпарат қаражаттарын пайдалануды ұйымдастыратын нарықтық оператордың көмегімен ЭҚКР қатысушыларына технологиялық ақпараттық көмек арқылы тәулік, апта және ай бұрын мерзімді шарт жасасу мақсатында жасалады және мынадай міндетті ережелерді қамтуы тиіс:

1) электр энергиясы мен (немесе) қуаты жеткізілімінің тәуліктік және маусымдық өзгерістерін реттеу тәртібі;

2) технологиялық жабдықтардың авариялық зақымдануы туындауы жағдайында электр энергиясы мен (немесе) қуаты жеткізілімінің жағдайлары ( резервтеу тәртібі);

3) электр энергиясы мен (немесе) қуатына сатып алушылар дер кезінде өтем төлемеген жағдайда электр энергиясы мен (немесе) қуатын шектеу және (немесе) тоқтату тәртібі;

4) энергия өндіруші ұйымдардың немесе сауда-делдалдық компаниялардың шартта көзделінбеген электр энергиясы мен (немесе) қуатын шектеу және ( немесе) тоқтату үзілісі үшін сатып алушы алдындағы жауапкершілігі.

26. Шарттар қажетті техникалық талаптарға сәйкес электр энергиясын беру мүмкіншілік мәні жөнінде техникалық оператор сараптамасынан өткізіледі.

Рыноктық оператор мерзімді ЭҚКР электр энергиясы мен (немесе) қуатын сатып алу-сату мерзімді шартына қол қойған тараптардан қосымша-ұсыныс қоса толтырылып және қол қойылған ақпараттық-техникалық өтінімді (N 3 қосымша) талап етуге құқылы. Ақпараттық техникалық өтінімді электр энергиясын және ( немесе) қуатын жеткізу мерзімі, көлемі бойынша мәліметтер, сондай-ақ электр энергиясы және (немесе) қуатын сатып алу-сату екі жақты мерзімді шарттың әрекет мерзімін, тараптардың банктік және заңды деректемелері жайлы мәліметтерді, сондай-ақ:

1) Электр энергиясы және (немесе) қуатын жеткізуде маусымдық және тәуліктік өзгеріс тәртібін реттеуді;

2) апат уақытында техникалық жабдықтарының бұзылуында электр энергиясы және (немесе) қуатын жеткізу шарты;

3) электр энергиясын нақты тұтынуда жіберілген сағаттық ауытқу шегінде тәуліктік графигіне мөлшер қосу өтінімдері;

4) электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алушы уақытылы төлемеген жағдайда электр энергиясын жіберуді тоқтату және немесе шектеу тәртібі;

5) сатып алушы алдында шартта көрсетілмеген электр энергиясын беру үзілгенде, тоқтатылғанда немесе шектелгенде делдалдық-сауда компаниясы немесе энергия өндіруші ұйымдардың жауапкершілігі;

6) көлік компаниясымен келісілген электрлік энергияны және (немесе) қуатты жеткізуші-энергия өндіруші ұйымдардың аймақтық және аймақ аралық электр жүйесінің қосылу нүктесі;

7) Көлік компаниясымен келісілген аймақтық және аймақ аралық тұтыну ( сатып алушы) электр энергия жүйесінің қосылу нүктесі;

8) Тұтынушылар электр энергиясын тікелей тұтыну және делдалдық-сауда

компаниясының тұтынушыларының әрбір айлық (маусымдық) тәулік графигінің сипаты.

27. Техникалық сараптамадан өткен электр энергиясын сатып алу-сату үшін жасалған екі жақты мерзімді шарттар қол қойылғаннан кейін, 26-тармағында көрсетілген шартқа ақпараттық-техникалық өтінімдер Ұлттық энергия беруші ұйымымен сатып алынған және сатылған электр энергиясын беру жөнінде шарт жасасқан ЭҚКР субъектісінің рыноктық операторына тіркеуге беріледі.

Рыноктық оператордың ақпараттық-техникалық өтінімдерді тіркеуі тиісті шартты тіркеуі болып саналады.

Ұлттық энергия беруші ұйыммен электр энергиясын сатып алынған - сатылған жөніндегі бар шарт техникалық сараптамадан өткізілгенін растайды.

28. Электр энергиясын беру және сатып алу-сату бойынша мәмілені жасауды бастар алдында 3 күннен кешіктірмей барлық шартқа ақпараттық-техникалық өтінімдер тіркеуге берілуі қажет.

29. 4-қосымша нысаны бойынша электр энергиясын жеткізілуді бастау алдында "бір күн бұрын" жасалған екі жақты мерзімді шарттар бойынша тіркеу тәуліктің 11 сағатына дейін жүргізіледі.

30. Бұрынғы электр энергиясын сатып алу-сатуда екі жақты жасалған шарттарға және оның берілуі ақпараттық техникалық өтінімдер бойынша деректерге қатысты шарттарға енгізілетін барлық өзгерістерде сатушылармен рыноктық операторға электр энергиясын және (немесе) қуатын жеткізуді бастар алдында 11 сағаттан кешіктірілмей тіркеуге берілуі қажет.

31. Шартты тіркеу рәсімі өткеннен кейін Рыноктық оператор сатушы мен сатып алушыға растау жібереді.

32. Диспетчерлік өкімге қосуға шарттар тек тіркеуден өткеннен кейін ғана рынок операторымен қабылданады.

## 13. Теңгеруші ЭҚКР-де электр энергиясын сатып алу-сату мәмілесі

33. Теңгеруші ЭҚКР-де электр энергиясын сатып алу-сату мәмілесі орталық саудада электр энергиясын "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" клирингтік баға бойынша ұйымдастырылған Рыноктық оператордың көмегімен, сонымен бірге Рыноктық оператордың ЭҚКР-де қызмет көрсету Ережесінде анықталған бекітілген белгілі тәртіп бойынша рынок операторының тепе-теңсіздік есептік мерзім қорытындысы бойынша табылған тепе-теңсіздік бағасы бойынша жасалады.

34. Электр энергиясын "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" сатып алу-сату орталық сауда рынок операторына сатып алушының электр энергиясын сатып алуға және энергия өндіруші ұйымдардың сатуға берген өтінімі негізінде өткізіледі.

35. Сату өтінімінде сатылатын электр энергиясының сағат бойынша көлемі және бағасы туралы мәліметтер көрсетілуі керек. Сатып алу тапсырысында сатып алынатын электр энергиясының сағаттық көлемі және шекті өзіндік құны туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

36. "бір күн бұрын" сауда мәмілелерін жасау үшін ең бірінші кезекте ең төменгі бағада сатылатын тапсырыстар іріктеледі, ал сауда да барлық мәмілелер соңғы сатып алу сұранысын жабатын сату тапсырысының бағасы, клирингтік баға бойынша жасалады.

37. "бір сағат бұрын" орталық сауда электр энергиясын сатып алуға және сатуға уақытылы өтінім берушілер арасында, сондай-ақ "бір күн бұрын" орталық саудасы қорытындысы бойынша анықталған сұраусыз қалған "бір күн бұрын" сату тапсырыстарымен ұйымдастырылады.

38. Орталықтандырылған сауда өткізу және ұйымдастыру тәртібі белгілі тәртіпте бекітілген ЭҚКР-де рынок операторының қызмет көрсету Ережесімен анықталады.

39. Рынок операторы "бір күн бұрын" орталықтандырылған сауда қорытындысы бойынша жасалынған мәмілелерді тіркейді және "бір күн бұрын" баланстаушы электрлік энергияны жеткізу графигін құрастырады.

40. Орталық саудадағы "бір сағат бұрын" мәмілелері жасалған көлем бойынша тіркеледі және ЭҚКР-де өндіру-тұтыну ағымды режимі бойынша реттеуде ескеріледі.

### 14. ЭҚКР-де жасалынған мәліметтерді тарату

41. ЭҚКР-де жасалынған мәліметтерді тарату Рыноктық оператордың электр энергиясын өндіру-тұтыну тәулік графигіне сәйкес жүргізіледі.

42. Тәулік графигінде ЭҚКР-ға электр энергияны және (немесе) қуатын жеткізуші әрбір энергия өндіруші ұйымдардың сағаттық мөлшерде жеткізілетін электр энергиясы және (немесе) қуатын және ЭҚКР-да тұтынушы үшін сатып алынған электр энергиясының әрбір тұтынуы көрсетіледі.

43. ЭҚКР субъектілерінің тәуліктік график жұмысын құрастыру үшін рынок операторының энергия беруші ұйымдарда тәулік сайын "бір күн бұрын" орталық сауда да екі жақты мерзімді шарттар және мәмілелер негізінде жасалынған рыноктық операторының тіркеуінен өткізілген келісімді тұтыну өтінімдерін ұсынады.

44. Рыноктық операторы тәуліктік графигінің жобасын электр энергиясын беруді жүзеге асыруда техникалық мүмкіншілігін келісу үшін техникалық операторға жібереді.

45. Белгіленген тәртіп бойынша бекітілген және келісілген графиктер техникалық операторға орындау үшін жіберіледі.

46. Рыноктық операторы тәулік графигін тарату барысында жүктеме

реттейтін тұтынушы, сондай-ақ делдалдық-сауда компаниялары және энергия өндіруші ұйымдардан баланстаушы электр энергиясын жеткізуде қосымша өтініштер қабылдайды.

47. Техникалық оператор тәулік графигінің барлық туындалған ауытқуы жайлы рыноктық операторға хабарлайды. Осындай техникалық оператор режимді баланстау үшін қажет қуат көлемін және ауытқуды тудырған (жіберген) ЭҚКР субъектілерін анықтайды.

48. Рыноктық оператор техникалық оператордан тәулік графигінен ауытқыған әрбір дерек хабарламасы бойынша ауытқыған ЭҚКР-н субъектілерін режимді теңгерімділік жасау бойынша шараларды орындауға немесе қосымша электрлік энергия көлемін сатып алуды жүзеге асыруға міндеттейді.

49. Егер ЭҚКР субъектісі өзінің тұтыну (жеткізу) теңгерімділік режимін жасамаса, техникалық оператор рыноктық оператордың нұсқауы бойынша тәулік графигінің бұзылуын жою мақсатында ЭҚКР-н объектілеріне қажетті ықпал ету шараларын қолданады.

50. Егерде ЭҚКР субъектісіне техникалық себептерге байланысты 50 тармақта көрсетілген ықпал ету шараларын іске асыру мүмкін болмағанда ЭҚКР балансындағы қуат қоры іске қосылады. Тұтынылған (жеткізілген) осындай электрлік энергиясы рынок операторымен жеткізілген сағатпен ЭҚКР субъектілерінің арасындағы тиісті мәміле қорытындысы сияқты клирингтік баға бойынша сатылғандай тіркеліп және теңгеруші ЭҚКР мәміле жасаудағы белгіленген тәртіппен тұтынушының төлеуіне тиіс.

51. Қазақстан Республикасы БЭС өндіру-тұтыну режимінің тұрақтылығын жоғалту қауіпі төнгенде, техникалық оператор апатты жою мақсатында рыноктық оператормен қосымша келісімсіз жедел шаралар қолданады. Заңда белгіленген тәртіппен кінәлі тараптар анықталып және келтірілген шығынды өтеу тәртібі жүргізіледі.

52. Аймақтық орталық диспетчерлік техникалық операторы арқылы әр тәулік сайын тұтынушыларға және энергия өндіруші ұйымдарға коммерциялық есеп приборының көрсеткіші бойынша рыноктық оператор аймақтық орталық диспетчерлік техникалық оператор арқылы әр тәулік сайын энергия өндіруші ұйымдарға және тұтынушыларға жөнелтілген электр энергиясын жөнелту тұтынуы ЭҚКР-де жедел бақылау жүргізіледі.

53. Рыноктық операторы есептік мерзім аяқталған соң, баланстаушы және мерзімді ЭҚКР субъектілері арасында өзара есеп айырысуды реттеу негізінде ЭҚКР-де электрлік энергиясын өндіру-тұтыну нақты балансын жасайды.

## 15. Электр энергиясын (қуатын) импорттау және экспорттау

54. ЭҚКР-де электр энергиясының импорт және экспортқа шығару мәмілелері бойынша туындалған қатынастар тиісті шарттарда, Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамаларында және мемлекетаралық келісімдерге сай тәртіпте реттеледі.

55. Шет мемлекеттерден электр энергиясын шартсыз тұтыну және (немесе) шет мемлекеттерге шартсыз электр энергиясын жеткізу қорытындысында туындалған қатынастар мына тәртіпте реттеледі:

1) ЭҚКР субъектілерінің шет мемлекеттерден шартсыз электр энергиясын тұтыну және (немесе) шет мемлекеттерге шартсыз жеткізілуі электр энергиясы кімнің кінәсінен жіберілді, сондай-ақ шартсыз тұтыну мөлшері және шартсыз жеткізілуі рыноктық оператормен электр энергиясын коммерциялық есеп приборының көрсеткіші бойынша және нақтылау тәулік графигімен, сондай-ақ техникалық оператордың шартсыз мемлекетаралық электр энергия ағымының мөлшері жайлы мәліметтермен анықталады;

2) Шет мемлекеттерден шартсыз электр энергиясын тұтынғанда кімнің -кінәсінен жіберілген ЭҚКР субъектілері шартсыз басқа да жағдайда электр энергиясын тұтыну және жіберуде осы Ережеде, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдер ережесін ескере отырып шығынды өтейді;

3) ЭҚКР-нен шартсыз электр энергиясын шет мемлекеттерге жеткізілген жағдайда техникалық оператор шет мемлекетінің өкілетті ұйымдарымен келісім арқылы ЭҚКР-нен жеткізілген электрлік энергиясын ЭҚКР-ге электр энергия көлемін және жеткізу мерзімін қамтамасыз етеді;

4) Электр энергиясын жеткізу-тұтынудың тәуліктік - кестесі мен нақты балансын жасау кезінде рыноктық оператор белгіленген тәртіппен орнын толтыруды ескереді.

## 16. Электр энергиясын беруге байланысты шығынның өтемақы тәртібі

56. Ұлттық энергия беруші ұйымның оның тораптары мен ЭҚКР субъектілері үшін электр энергиясын беруге пайдаланылған басқа ұйымдардың торабы элементтеріндегі электр энергиясы шығынының орнын толтырумен байланысты шығындарды реттеуші орган белгілеген тәртіппен ЭҚКР субъектілері төлейді.

57. Электр энергиясын Ұлттық энергия беруші ұйымының ЭҚКР субъектілері үшін электр энергиясын беруде пайдаланған өз желілеріндегі және басқа ұйымдардың желі элементтеріндегі жоғалтуларды жабу үшін технологиялық қажеттіліктерде сатып алу, баланстаушы ЭҚКР арқылы және екі жақты мерзімді шарттар аясында электр энергиясын сатып алу ретінде фактілік баланс ескеріледі .

## 17. Есеп айырысу қаржысы

58. ЭҚКР-де электр энергиясын сатып алушы және сатушы арасында қаржылық есеп айырысуы:

1) ЭҚКР мерзімді - осы Ереженің ережелерін қоса, екі жақты мерзімді

жасалынған шарттарға сәйкес;

2) баланстаушы ЭҚКР-да Электр қуатын және (немесе) энергиясын сатып алушы немесе сатушының, техникалық оператор мен рыноктық оператор арасында жасалған "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартпен көзделген тәртіппен жүргізіледі.

## 18. ЭҚКР субъектілерінің міндеттері

59. Рыноктық және техникалық операторлар "ЭҚКР-да көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартта ЭҚКР-де электр қуатын және (немесе ) энергиясын сатып алушы немесе сатушының мынадай міндеттерді орындауын көздеуі тиіс:

1) Алдағы тәулікке белгіленген тәртіпте жасалынған тәулік графигін орындауға;

2) Рыноктық және техникалық операторлардың тәулік графигін орындау үшін режимдерді жүргізу жедел өкімін орындауға;

3) белгіленген тәртіппен бекітілген көлем мен нысанда Рыноктық операторға электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алу-сату және беруге жасалынған шарттар бойынша ақпаратты ұсынуға;

4) Техникалық операторға орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті технологиялық ақпаратты ұсынуға;

5) Коммерциялық есеп приборының өлшем деректерін ұсыну мерзімін сақтауға және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына жауапкершілікті көтеруге;

6) Рыноктық оператордың 27-тармағында көрсетілген шарттардың және екі жақты мерзімді жасасқан өзінің серіктесін (3 тәуліктен кем емес) уақытылы шарттың өзгерістері туралы ескертуге;

7) Рыноктық және техникалық операторларға кедергісіз коммерциялық есеп приборына кіруге жол ашуға;

8) Есептік мерзім қорытындысы бойынша рыноктық оператордың жасаған нақты есеп айырысу балансын жүзеге асыруды қабылдауға;

9) электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алушы немесе сатушының, техникалық оператор мен рыноктық оператор арасында жасалған "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартпен, сондай-ақ осы ережемен және нормативтік-құқықтық кесімдермен белгіленген басқа да міндеттерді орындауға.

60. Ұлттық энергия беруші ұйым қамтамасыз етуге міндетті:

1) ЭҚКР-де электр энергиясын сатуға-сатып алуға құқылы және осы Ереженің 12-тармағына сәйкес оны Ұлттық электр энергия ұйымдарының

жүйелерінде беруге құқылы барлық сатып алушылармен және сатушыларға аймақ аралық жүйеге еш кедергісіз негізде кіруді қамтамасыз етуге;

2) Жасалынған шартқа сәйкес сенімді электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге;

3) Жасалынған шартқа сәйкес тұтынушыларды қор жолдары тәртібінде үздіксіз электр беру үшін қамтамасыз етуге.

61. Рыноктық және техникалық операторлар оларға электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алушы немесе сатушының, техникалық оператор мен рыноктық оператор арасында жасалған "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартпен жүктелген функциялардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

## 19. Жауапкершілік

62. Осы Ережелер бұзылғанда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрінің
2001 жылғы 12 қаңтар N 8
бұйрығымен бекітілген

# Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі техникалық операторының қызмет көрсету Ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының "Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Техникалық операторының қызмет көрсету Ережелері" (әрі қарай - Ереже), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 606 P000606_ "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногының тиімділігін арттырудағы қосымша шаралар туралы" қаулысына сәйкес жасалған.

2. Ережелер "Электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын (әрі қарай - ЭҚКР) ұйымдастыру мен жұмыс істеу" Ережелерімен қатар Қазақстан Республикасы бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің (әрі қарай - БЭЖ) Техникалық операторының БЭЖ субъектілеріне, соның ішінде Қазақстан Республикасының ЭҚКР субъектілеріне қызмет көрсету кезіндегі міндеттері мен құқықтарын, сондай-ақ Техникалық оператордың қызметін алу кезіндегі БЭЖ және ЭҚКР субъектілерінің міндеттері мен құқықтарын тәртіпке келтіреді.

3. ЭҚКР Техникалық операторы да болып табылатын Қазақстан Республикасының БЭЖ Техникалық операторының функцияларын Ұлттық энергия беру ұйымы орындайды.

4. Ережелер Ведомстволық иелігі мен меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының ЭҚКР және БЭЖ-ң барлық субъектілері үшін міндетті V980699_ .

5. Осы ережеде төмендегідей анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" шарты - электр энергиясы мен (немесе) қуатын сатып алушы мен сатушы арасындағы, ЭҚКР-да электр энергиясы мен ( немесе) қуатын сатып алуға және (немесе) сатуға құқық беретін, сондай-ақ оны Ұлттық энергия беруші ұйымның тораптары бойынша беруге құқық беретін Рыноктық оператор мен техникалық оператор арасындағы үшжақты келісім;

2) ұлттық энергия беру ұйымы - аймақ аралық деңгейде электр желілерін пайдаланатын, Қазақстан Республикасының БЭЖ техникалық операторының функцияларын атқаратын және аймақ аралық электр энергияларын беруді жүзеге асыратын ұйым;

3) электр энергиясының және (немесе) қуатының ағыны - электр энергиясының және (немесе) қуатының бақылау қиылысындағы электр берудің бір немесе бірнеше жолдарымен берілуі;

4) электр қуаты резервтерінің пулы (ЭҚР) (ПУЛ) - ерікті негізде энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар және көтерме тұтынушылардың шартты міндеттеріне қатысы бойынша ЭКР ПУЛ субъектілерінің электр қуатының авария тапшылығын жабу үшін қажетті қуаттылығы мақсатында құрылған ұйым;

5) реттеуші орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бағаны (тариф) реттейтін өкілетті мемлекеттік орган;

6) ЭҚКР рынок операторы - ЭҚКР Рыноктық операторымен қызмет көрсету Ережесіне сәйкес ЭҚКР-де электрлік энергиясын және (немесе) қуатының тұтыну мен коммерциялық диспетчеризациялау режимін нарықтық механизмдер арқылы жүзеге асыратын ұйым;

7) аймақтық энергия беру ұйымдары - Қазақстан Республикасының ішінде жекелеген аймақтарға электр энергиясын беруді жүзеге асыратын және аймақтық және (немесе) жергілікті деңгейдегі желілерді пайдаланатын ұйымдар;

8) тәуліктік график - әрбір күнтізбелік тәулікте алматы уақыты бойынша сағат 0-00-ден 24-00-ге дейінгі Қазақстан Республикасының БЭЖ және ЭҚКР-да электр энергиясын және (немесе) қуатын өндіру, жіберу және тұтыну шамаларын тәртіпке келтіретін белгіленген тәртіпте бекітілген құжат;

9) Техникалық оператор - Қазақстан Республикасының БЭЖ және ЭҚКР-да

электр энергиясын (күштілігін) өндіру, жіберу және тұтыну режимдерінің орталықтандырылған басқарылуын жүзеге асыратын ұйым (осы тармақтың 1-тармақшасын қараңыз);

10) уәкілетті орган - электр энергиясына байланысты қарым-қатынастарды реттейтін мемлекеттік орган.

## 2. Техникалық оператормен көрсетілетін қызметтер

6. Техникалық оператор БЭЖ субъектілеріне, соның ішінде ЭҚКР субъектілеріне төмендегідей қызмет түрлерін көрсетеді:

1) техникалық диспетчеризациялау, БЭЖ-де, соның ішінде ЭҚКР-да электр энергиясын және (немесе) қуатын өндіру, жіберу және тұтыну режимдерінің орталықтандырылған басқарылуынан тұратын қызметтер;

2) техникалық сипаттағы қосымша қызметтер.

## 3. Техникалық диспетчеризациялаудағы Техникалық оператордың функциялары

7. Техникалық оператор өзі жүзеге асыратын техникалық диспетчеризациялау аясында келесі функцияларды орындайды:

1) Қазақстан Республикасының БЭЖ-ң функциялық, орнықтылық критерийлеріне сәйкес электр энергиясын және (немесе) қуатын беру мүмкіндігі жөніндегі ЭҚКР-да электр энергиясын (күштілігін) сату-сатып-алу шарттарына техникалық сараптама және тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігіне сараптама жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының БЭЖ субъектілерінің сенімді жарыспалық жұмысын және ЭҚКР субъектілерінің контрактілік міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ететін Рыноктық операторымен жасалған тәуліктік графигін техникалық өткізуі;

3) бекітілген тәуліктік графикке сәйкес электр энергиясының және (немесе) қуаттылығының фактілік тұтынуы мен өндірісін жедел бақылау;

4) электр энергиясының және (немесе) қуаттылығын беруінің контрактісіз, сондай-ақ шарттан тыс шектеу және алдын алу режимін енгізу бойынша техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қолдану және әзірлеу;

5) меншік нысанына қарамастан ҚР БЭЖ субъектілерінің техникалық басқарма жүйесінің электр станциясының, станция бөлімшелері, электр беру желісі, реле қорғанысының және аварияға қарсы автоматикасының негізгі құрал-жабдықтарының ағымдағы жөндеуін, сондай-ақ жылдық және айлық жөндеу графигін келістіру, жөндеу жоспарларын оңтайландыру бойынша ұсыныстарды дайындау және олардың орындалуына жедел бақылау жасау, мыналарды қосқанда:

тапсырыс бойынша электр өндіруші ұйымдар мен электр беруші ұйымдардың

диспетчерлік техникалық басқарма қаражаттарын, реле қорғанысы және автоматикасын электрстанциялардың және электр желілерінің негізгі құрал-жабдықтары резервіне және жөндеуге шығару жөніндегі шешімдер қабылдау және қарау;

негізгі электрстанцияларының жабдықтарын және желілерін, реле қорғанысын (РҚ) құрылымын, апатқа қарсы автоматикаларды, БЭЖ субъектілерінің диспетчерлік-техникалық басқару құралдарын жөндеуге шығару тапсырыстарының режимдік пысықталуын жүзеге асыру;

6) электрстанцияның және электр желілерінің негізгі жабдықтарын жөндеуге шығару үшін техникалық алғы шарттарды қамтамасыз ету;

7) диспетчерлік басқарма тәртібіне сәйкес ВЛ және жабдықтарды қайтадан іске қосу және жөндеуден өткізу жүргізіледі;

8) БЭС электр желілерінің жабдықтарының және байланыстар, телемеханикасының, реле қорғанысын және электрстанцияларының негізгі іске қосылатын жабдықтарының дайындығын бақылайды;

9) БЭС электрстанция жабдықтарының жұмыс мониторинг режимін жүргізеді ;

10) Қазақстан Республикасының БЭЖ жария өндіруші ұйымдарды жаңа қолданыстағы қуаттарды бөлшектеу және жабдықтаудың үзіліссіз және тоқтаусыз енгізуге бақылауды жүзеге асырады;

11) Диспетчерлік басқарма тәсілі бойынша жабдықтарды бөлу;

12) Қазақстан Республикасы БЭЖ техникалық бұзылуды оқшауландыру және жаратудың алдын алуын қамтамасыз ету:

РҚ және АҚА құрылғыларының сызбалары мен параметрлерін реттеуді келісу;

БЭЖ қуатын және жиілігін бақылау, апатқа қарсы басқару мақсатын және электрлік тәртібін әзірлеу;

БЭЖ қуаттарының резервтерін басқаруды, оның ішінде ЭҚР РЭМ және жасалған шартқа сәйкес осы тектес басқа ұйымдардың қуаттарының резервтерін іс-қимылын енгізуді қоса алғанда;

13) Су электр станциясының ГЭС ұзақ мерзімді жұмыс тәртіптемесін есептеу, су шаруашылық балансы және басқа да ұсыныстар әзірлеу;

14) ҚР БЭЖ сенімді өлшем негізінде мемлекеттердің электр жүйесімен олардың диспетчерлік орталықтарымен қоса іс-қимыл жарыспалық жұмысын ұйымдастыру үшін шарттар дайындау;

15) Мемлекетаралық электр энергиясының және (немесе) қуатының басқару тәсілі;

16) Ұзақ мерзімді баланстарын болжау және электр энергиясы қуатын жүзеге асыру.

8. Жоғарыда көрсетілген функциялардың орындалуын уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Техникалық оператор жүзеге асырады.

**4. Техникалық диспетчеризациялау төлемі**

9. Техникалық диспетчеризациялау Техникалық оператордың ақылы қызметі болып табылады.

10. Техникалық оператордың техникалық диспетчеризациялау жөніндегі көрсеткен қызметіне белгіленген тәртіппен реттеуші орган бекіткен тариф бойынша Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатын өндіру мен тұтыну қарым-қатынастарына қатысушылар төлейді.

11. Техникалық оператордың техникалық диспетчеризациялау бойынша қызмет көрсету және оның қызметіне ақы төлеудің тәртібі шартта белгіленеді.

Шартта сондай-ақ тұтынушылардың сәйкес жұмыс режимдерінің құрылу алғы шарттары, электр энергиясының сәйкес сапасын ұстауы, электр энергиясының және (немесе) қуатының сенімді схемаларының жасалуы, қызметке уақытында төлем көрсетілмеген жағдайда шектеу тәртібінің енгізілуі, шартта қаралған шартты орындамаған тараптардың жауапкершілігі белгіленеді.

**5. Техникалық сипаттағы қосымша қызметтер**

12. Техникалық оператор қажет болған жағдайда техникалық сипаттағы қосымша қызметтер көрсете алады.

13. Техникалық сипаттағы қосымша қызметтер көрсету тәртібі мен шарттары реттеуші органмен белгіленеді.

**6. Техникалық оператордың құқықтары және міндеттері**

14. Техникалық оператор, электр энергиясы мен (немесе) қуатын сатып алушы мен сатушы арасындағы, ЭҚКР-да электр энергиясы мен (немесе) қуатын сатып алуға және (немесе) сатуға құқық беретін, "Электр энергиясы мен (немесе) қуатын көтерме рыногында бірлескен қызмет туралы" Рыноктық оператор мен техникалық оператор арасындағы үшжақты келісімде, осы Ережеде, электр энергиясы мен қуатын көтерме рыногын ұйымдастыру мен жұмыс істеу Ережелерінде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген өзіне жүктелген міндеттерін жүзеге асырған кезде және қызметтерін көрсеткен кезде мынандай құқықтарға ие болады:

1) меншік нысанына және ведомстволық қарастылығына қарамастан, БЭЖ субъектілерінің барлығына міндетті болып табылатын БЭЖ қызметінің қалыптастыру тұрақтылығының нұсқауларын, электр энергиясының сапасы мен электр энергиясының және қуатының өндірістік-тұтыну режимінің берілген тәуліктік кестесін сақтауға бағытталған жедел өкім беруге;

2) Рыноктық операторға жетілдіруге ЭҚКР тәуліктік график жобаларын Қазақстан Республикасы БЭЖ орынықтылық, функциялану критерилеріне сәйкес келмегенде және су қоймаларындағы белгіленген жіберу өлшемдерін

сақтамағанда қайтаруға;

3) Рыноктық оператордың нұсқауына сәйкес электр қуатының тәуліктік графигін орындау барысында туындалған тепе-теңсіздікті жою үшін жедел шаралар қолдануға;

4) ЭҚКР субъектілері желілерінен шектеу және алып тастау режимдерін енгізу, сондай-ақ шарттан тыс электр энергиясын және (немесе) қуатының тұтыну бойынша сондай-ақ ҚР БЭЖ сенімділік критерилерін сақтау үшін қажетті олардың орналасуындағы техникалық және ұйымдастырушылық шараларды жасауға;

5) Уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес БЭЖ және ЭҚКР субъектілерінің шарттық міндеттемелерді орындамаған жағдайда не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының БЭЖ өндірістік-тұтыну режимінің тұрақтылығын жоғалтуға қауіп тудыратын авариялық ахуалда электр энергиясын және (немесе) қуатын шектеуді және алып тастауды енгізуге;

6) Ұлттық энергия беру желілеріне қосылған барлық субъектілерден автоматика апатының алдын алу және реле қорғанысы сондай-ақ Қазақстан Республикасы БЭЖ сенімділік критерийлерін сақтау үшін қажетті олардың орналасуындағы параметрлік өзгерістер бойынша көрсетілімдердің сөзсіз орындалуын талап етуге;

7) Апатты жою және алдын алу үшін меншік нысанына қарамастан кез-келген электр өндіруші ұйымдардың қапыл және айналу резервтерін, сондай-ақ тұтынушылардың автономиялық қорек көздерін іске қосуға;

8) апаттың алдын-алу және жою мақсатында қуат жеткіліксіз болғанда су көздері арқылы су электр станцияларының қорын пайдалану үшін бекітілген судың шығын графигіне белгіленген норма шегінде өзгерістер енгізуге;

9) орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру үшін меншік нысанына қарамастан барлық БЭЖ субъектілерінен және ЭҚКР қажетті мәліметтер сұрауға; осы Ережеде, электр күштілігі мен энергиясының көтерме рыногын ұйымдастыру мен жұмыс істеу Ережелерінде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген Техникалық оператордың басқа да құқықтарын іске асыруға.

15. Техникалық оператор:

1) Қазақстан Республикасының БЭЖ сенімді және орнықты қосарлас жұмысын, жедел басқару аймағына кіретін энергия объектілерінде апаттың алдын-алу және жою бойынша уақытылы шаралардың қабылдануын;

2) электр энергиясын және (немесе) қуатының мемлекетаралық ағымындағы шарттың сақталуын;

3) Мемлекеттік стандарттармен және стандарттау бойынша өзге де

нормативтік актілермен белгіленген талаптарға сәйкес БЭЖ субъектілерімен бірігіп сапалы электр энергиясының берілуін;

4) Бекітілген шарттар және мәмілелер негізінде БЭЖ стандартты жиілігінің сақталуы мен реттелуін;

5) ЭҚКР субъектілермен бекітілген келісім-шарттарының орындалуын және Техникалық оператор өз өкілеттілігін асыра пайдаланған немесе оның тарапынан заңсыз әрекеттерінен келген басқа ЭҚКР субъектілеріне келтірген экономикалық шығындардың өтелуін;

6) осы Ережеде, электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру мен жұмыс істеу Ережелерінде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген, басқа да жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

## 7. БЭЖ және ЭҚКР субъектілерінің міндеттері мен құқықтары

16. БЭЖ және ЭҚКР субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулерді алу үшін:

1) Тәулік графигінің режимін жүргізу үшін Техникалық оператордың жедел өкімін орындауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және шарттарында белгіленген тәртіп бойынша Техникалық оператор қызметін уақытылы төлеуге;

3) Техникалық оператормен берілген режимдегі нормативтік-техникалық құжаттар талабына сәйкес Техникалық оператормен келісілген өздерінің электр құрылымдарында РҚ және АҚА құрылымдарын қамтамасыз етуге;

4) өздерінің ақша қаражаттарымен Ұлттық энергия беруші ұйымдар жүйелеріне қосарлас жұмысқа қосыла алатын РҚ және АҚА құрылғы жүйелерін қайта жөндеу және жаңғыртуды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасы аймағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар ережелеріне сәйкес РҚ және АҚА құрылғы жабдықтарын пайдалануды енгізуге;

6) Техникалық операторға толық және сапалы техникалық мәліметтер беруге;

7) цифрлық технология негізінде БЭЖ бірыңғай ақпараттық жүйесін өткізуге (құруға) қатысуға міндетті.

17. Жоғарыда көрсетілген міндеттерден басқа БЭЖ және ЭҚКР субъектілері осы Ережеде, электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру мен жұмыс істеу Ережелерінде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген міндеттерге, сондай-ақ құқықтарға ие болады.

## 8. Жауапкершілік

18. Осы Ережелерді бұзғандық үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрінің
2001 жылғы 12 қаңтар N 8
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы электр энергиясы мен қуаты рыногының рыноктық операторының қызмет көрсету ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты рыногының рыноктық операторының қызмет көрсету Ережелері (бұдан әрі - Ереже) "Электр энергиясы туралы" Z990438_ Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногының тиімділігін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 606 P000606_ қаулысына және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногында (бұдан әрі - ЭҚКР) қызмет көрсету кезіндегі Рыноктық оператордың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ ЭҚКР субъектілерінің Рыноктық оператордың қызмет көрсетулерін алу кезіндегі құқықтары мен міндеттері осы Ережемен, электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеуі туралы Ережелерімен, ЭҚКР субъектілері мен Рыноктық оператор арасындағы басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен және шарттармен реттелінген.

3. Ережелер меншік нысандарына және ведомстволық иеліктеріне қарамастан Қазақстан Республикасының аймағында, не аумағынан тыс орналасқан барлық ЭҚКР субъектілері үшін міндетті.

4. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар пайдаланады:

1) теңгеруші электр энергиясы - электр энергиясын өндірудің-тұтынудың қолданыстағы сағаттық графигін іске асыру кезінде ретсіз пайда болатын теңсіздіктерді жою үшін пайдаланылатын энергия;

2) теңгеруші ЭҚКР - ЭҚКР рыноктық операторын қатыстыра отырып, теңгеруші электр энергиясын сату-сатып-алу мәмілесін жасасу және орындау кезінде ЭҚКР субъектілері арасында қалыптасатын қарым-қатынас;

3) екіжақты шұғыл шарт - рыноктық операторының қатысуынсыз ЭҚКР субъектілері арасында екіжақты негізде шексіз мерзімге (жылы, айы, күні, сағаты және басқа мерзім) жасалынған келісім;

4) клирингтік баға - резервтегі электр энергиясының сатылуына оны сатып алуға деген сұраныстың қанағаттандырылуын ескере отырып, рыноктық операторы іріктеген ұсыныстардың (төменгі бағадан бастап мәлімделген бағаның артуы тәртібімен жұмсалған) ең соңғысының, ең қымбатының мәлімдеген бағасы ;

5) ЭҚКР коммерциялық диспетчерленуі - рынок тетіктері негізінде ЭҚКР-да электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған басқаруды жүзеге асыру және баланстаушы ЭҚКР қатысушылары арасындағы өзара есептесуді ұйымдастыру;

6) ұлттық энергия беруші ұйым - аймақ аралық деңгейдегі электр торабын пайдаланатын, электр энергиясының аймақ аралық берілуін анықтайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің орталық диспетчерлік басқару функциясын орындайтын техникалық операторы ролінде жүретін ұйым;

7) операциялық тәуліктер - алматы уақытымен 00-00 сағаттан басталып және 24-00 сағатпен аяқталып, осының ішінде ЭҚКР-тегі электр энергиясын өндіріс пайдалануы тәуліктік кестесі диспетчерленуі жүзеге асатын 24 сағатқа уақыт бөлігі;

8) электр қуаты резервтерінің пулы (ЭҚР ПУЛ-ы) - ЭҚР ПУЛ субъектілерінде болатын олардың міндеттемелеріне қатысты электр қуатының апатты тапшылығын жабу үшін қажетті электр қуатын қордаландыру мақсатында энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен көтерме тұтынушылардың ерікті негізде құрған ұйымы;

9) есепті кезең - рыноктық оператор нәтижесі бойынша фактілік теңгерімді құраған нәтиже жөніндегі уақыт бөлігі;

10) реттеуші орган - мемлекеттік реттелуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкіл етілген бағалар (тариф) мемлекеттік орган;

11) аймақтық энергия беруші ұйымдар - аймақтық және (немесе) жергілікті деңгейдегі желілерді пайдаланатын және Қазақстан Республикасының жекелеген аймақтарының ішінде электр энергиясын беруді жүзеге асыратын ұйымдар;

12) қуат резерві - энергия өндіруші ұйымдардың ЭҚКР-да пайдалануға болатын агрегаттардың міндеттемелерден бос қуаты;

13) ЭҚКР рыноктық операторы - ЭҚКР-да электр энергиясын өндіру мен тұтыну режимдерін рыноктық тетіктер арқылы коммерциялық диспетчерлеуді жүзеге асыратын ұйым;

14) тәуліктік кесте - рыноктық оператормен құрылған және белгіленген тәртіпте бекітілген, Қазақстан Республикасы электр энергия және осы қуатын субъектілерінің алматы уақытымен 00-00 сағаттан 24-00 сағатқа дейінгі әрбір күнтізбелік тәулікте өндірістің орташа уақыт шамасын, электр энергиясының

берілуін, тапсырылуын және пайдаланылуын тәртіпке келтіретін құжат;

15) жедел ЭҚКР - екіжақты жедел шарттар жасасу мен орындауда, болашақта электр энергиясын белгілі кезеңге жеткізген жағдайда ЭҚКР субъектілері арасында қалыптасатын қарым-қатынастар;

16) Қазақстан Республикасының бірыңғай энергетикалық жүйесінің техникалық операторы (бұдан әрі - техникалық оператор) - Қазақстан Республикасы бірыңғай энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) және ЭҚКР-дағы (осы тармақтың 3 тармақшасын қараңыз) электр энергиясын және (немесе) қуатын өндіру, беру және тұтыну режимдеріне орталықтандырылған жедел диспетчерлік басқару жүргізуді жүзеге асыратын ұйым;

17) уәкілетті орган - электр энергетикасында қарым-қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын орган;

18) нақты теңгерім - есептік кезеңі бойынша ЭҚКР мерзімдік және тепе-теңдік субъектілері арқылы ЭҚКР-да өндірілген, тапсырылған және пайдаланылған электр энергия көлемінің адрестік таратылуын белгілейтін құжат.

## 2. ЭҚКР-да рыноктық оператор көрсететін қызметтер

5. Рыноктық оператор ЭҚКР-да мынандай қызмет түрлерін көрсетеді:

1) ЭҚКР-да электр энергиясын өндіру, жіберу, тапсыру және пайдалану режимдерін коммерциялық диспетчеризациялау бойынша (әрі қарай - коммерциялық диспетчеризациялау қызметтері);

2) Ақпараттық қызмет;

3) Көмекші қызмет.

## 3. Коммерциялық диспетчерлік қызмет, оларды ұсыну мен төлеу тәртібі

6. Коммерциялық диспетчерлеу қызметін электр энергиясы және (немесе) қуатын сатып алушы немесе сатушының, техникалық оператор мен рыноктық оператор арасында жасалған "Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатын көтерме рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шарт (бұдан әрі - шарт) негізінде рынок операторы, сондай-ақ рынок операторымен коммерциялық диспетчерлеу қызметтерін ұсынуға жасалған шарт арқылы көрсетіледі.

7. Коммерциялық диспетчеризациялау жөніндегі рыноктық оператор қызметіне ЭҚКР-ғы электр энергиясын сатушылар мен сатып алушылардың барлығы ЭҚКР-ғы сатылған және сатып алынған электр энергиясының шамасы бойынша, оның ішінде электр энергиясын беру кезіндегі шығындарды өтеу үшін сатып алынған, сондай-ақ өз құрамында электр станциялары бар, электр энергиясының көлемі бойынша: сондай-ақ құрамында өздерінің жекеменшік электр станцияларынан Ұлттық энергия беруші ұйымның торабы арқылы сол

ұйымдардың құрамына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын беретін электр станциялары бар ұйымдар төлем жасалынады.

Коммерциялық диспетчеризациялау бойынша рыноктық оператор қызметінің тәртібі мен мерзімі Шартта белгіленеді.

Төлемдер есептеуі белгіленген тәртіптес бекітілген тариф бойынша рыноктық оператормен жүргізіледі.

ЭҚКР сатушылары мен сатып алушыларының аралық төлемдері Шарт жағдайлары бойынша жүргізілгені ескеріліп, коммерциялық диспетчеризациялау үшін түпкілікті өзара есеп айырысу есептік кезеңдегі рыноктық оператор құрған фактілік баланс бойынша анықталған сатылған және (немесе) сатып алынған электр энергиясының нақты шамасымен жүргізіледі.

8. Шарт бойынша коммерциялық диспертчерлеу жөніндегі рыноктық оператор қызметі мыналарды қамтуы тиіс:

1) ЭҚКР субъектілерінен алынған тапсырыстар негізінде тәуліктік кесте жасау;

2) ЭҚКР субъектілерінің тәулік кесте де белгіленген электр энергиясын тапсыру-пайдалану режимінің мониторингтік орындалуын жүзеге асыру;

3) Есептік кезең нәтижелері бойынша фактілік тепе-теңдікті жасау;

4) ЭҚКР-ғы электр энергиясының ұсыну тапсыру-пайдалану режимдерінің коммерциялық балансталуы.

9. Өз кезегінде ЭҚКР-ғы электр энергиясының ұсыну тапсыру-пайдалану режимдерінің коммерциялық теңгерімі мынандай түрде болады:

1) теңгерім электр энергиясының "бір күн бұрын" ұйымдастырылуы мен саудасын жүргізілуін;

2) алдағы тәуліктерге теңгерім ЭҚКР-резервін "бір сағат бұрын" саудада пайдалану үшін құру;

3) Коммерциялық тәуліктік әрбір сағатқа баланстық электр энергиясына клирингтік бағамен есептеу;

4) "бір сағат бұрын" электр энергиясының саудасын ұйымдастыру мен өткізу;

5) тәуліктік график орындау кезінде пайда болған дисбаланстарды талдау және олардың жойылуы үшін шаралар қолдану;

6) есептік кезең бойынша баланс жасайтын ЭҚКР-ғы электр энергиясын тапсыру, жіберу, ұсыну мен тұтыну теңгерімін жасау;

7) Есептік кезең бойынша баланстайтын ЭҚКР-ан тұтынғаны үшін электр энергиясының төлем жиынтығын есептеу;

8) Баланстайтын ЭҚКР-тен ЭКС субъектілеріне тұтынған олардың электр энергиясын төлеуге хабарлама жөнелту.

## 4. Рыноктық оператордың тәуліктік график жасауы және оның орындалуын бақылауы

10. Тәуліктік график құру үшін бастапқы мәліметтері рыноктық оператор тіркеген тұтынушылармен келісілген шарттардың негізінде жасалған тапсырыстар болып табылады:

1) энергия өндіруші ұйымдар, сағаттық графигін қамтитын желіге қосу тұтынушыларға, соның ішінде сауда-делдалдық ұйымдары (трейдерлер) арқылы электр энергиясын және (немесе) қуаттылығын сатып алатын тұтынушыларға электр энергия және (немесе) қуатын тарату және Ұлттық энергия жіберу ұйымдары электрлік энергия жіберу жөніндегі техникалық қажеттіліктерді жабдықтау баланстайтын күні резервтерінің сағаттық графиктерін қамтитын;

2) өз құрамында электр энергия ұйымдары бар ЭҚКР тұтынушыларға электр энергиясын және (немесе) қуатын тапсыру сағаттық графигін қамтитын шет мемлекеттердің электр өндіруші ұйымдар немесе компаниялау;

3) Энергия жіберу ұйымдары электр энергиясы бойынша қызметтерді төлемегені үшін тұтынушыны шектеу, егер бұл электр энергиясын жіберуге шартпен көзделген болса.

11. Тапсырыстар әр тәулік сайын рыноктық оператор белгіленген нысан бойынша есеп тәулігіне келетін тәуліктік 11-00 сағатқа дейін факсильдік растау етілуімен электрондық пошта бойынша рыноктық операторға жіберіледі.

12. Бір тәулік артық кезеңде күші бар, тапсырыстық жіберілуі рұқсат етіледі.

13. Техникалық себептермен электрондық пошта болмаған жағдайда факс бойынша тапсырыс беруге рұқсат етіледі.

14. Егер 10-тармақта көрсетілген мерзімге дейін тапсырыс рыноктық операторға берілмесе, тәуліктік график соңғы берілген тапсырыс негізінде құрылады, жасалады.

15. Электрлік энергияның бөлшектік сұранысына электрлік энергия тапсыруды жүзеге асыратын аймақтық электр энергия өндіруші ұйымдарының тапсырыстары рыноктық операторға техникалық оператордың аймақтық диспетчеризациялау орталықтарымен (әрі қарай - АДО) тәуліктің сағатына дейін ұсыну қажет, есеп айырысу, белгіленген нысанда беріледі.

16. Өзі тіркелген шарттармен (мәмілелермен) алынған тапсырыстарды:

1) ЕКС тараптық мерзімдік, электр энергиясын алып-сатуға, соның ішінде Ұлттық электр энергиясын жіберуші ұйымдардың электр энергиясын сатып алу шарттарымен электр энергиясын жіберудегі техникалық шығындарға (жоғалтуға) ;

2) Ұлттық энергия жіберу ұйымдары арқылы электрэнергия жіберуге, ал қажет кезінде аймақтық энергия жіберу ұйымдары арқылы да;

3) "бір күн бұрын" саудасының нәтижелері бойынша жасалған баланстаушы

электр энергиясын алып-сату.

17. Тапсырыс кезде мыналар болмаған мүмкіндігінде:

1) рыноктық оператор тіркеген шарт болмаған кезде;

2) Электр энергия және (немесе) қуатын экспорттау-импорттау кезіндегі кеден заңдармен көзделген құбылыстар болмаған кезде;

3) Тапсырыста жауапты адамның қолы болмаған кезде.

18. Тәуліктік графикті жасаған кезде мынандай мәліметтер ескеріледі:

1) ағымда және жоспарлық жағдаймен туындалған Ұлттық энергия беруші ұйымдардың желілерінің электрлік схемаларының шешілген жедел тапсырыстар бойынша негізгі схемада күтілген өзгерістерді қоса алғанда режим енгізу жөніндегі апат уақытында және автоматика режимдік қалпына келтіру параметрлік өзгерістері ескерілген шаралары ескерілген режимдік шектеулері;

2) Куәландырылған құжаттың рыноктық операторға түскен сәтінен күшіне енетін гидроресурстардың рұқсат етілген шығындары;

3) Ресейдің бірыңғай энергетикалық жүйесімен БЭЖ және Орталық Азияның біріккен энергетика жүйесімен (БЭЖ) келісілген мемлекетаралық ағындары;

4) Келісім-шарттан тыс тұтынылған электр энергиясының және (немесе) қуатының орнын толтыру көлемдері;

5) Келісілген Ресей, Орталық Азия - Орталық Азия транзиттік ағындары;

6) ЭҚР ПУЛ қорының білікті таблицасы;

7) Баланстайтын қуаттардың қолдағы қоры.

19. Тәуліктік графикте энергия өндіруші ұйымдар үшін, олардың шартты тұтынушылары, ал тұтынушылар үшін - олардың шартты энергия өндіруші ұйымдары көрсетіледі.

20. Электр энергиясын таратуды жүзеге асырудың техникалық мүмкіндіктеріне және рыноктық оператор белгілеген тәуліктің есептелу алдындағы 17-ге дейінгі техникалық операторлар мен келісілген тәуліктік график техникалық операторға соның ішінде техникалық оператордың аймақтық диспетчерлік орталықтарына өткізу үшін жіберіледі.

21. Аймақтық диспетчеризациялау орталықтары РДУ-ң қуаттылық ету аясына кіретін электр күші мен энергиясының рыноктық барлық субъектілеріне алдағы тәуліктерге орындалуы үшін тәуліктік графиктерді бағыттайды.

22. Бекітілген тәуліктік графиктерінің орындалуының жедел бақылауына ЭҚКР субъектілері арқылы жүргізілген аталған субъектілерге қатысты бөлігінде.

23. Тәуліктік график өткізу процесінде есептік шамадан электр энергиясының және (немесе) қуатының нақты тұтынуы ауытқыған кезде рыноктық оператор тәуліктік графикке жедел түрде өзгерістер енгізе алады.

Өзгерістерді мынандай жағдайда енгізіле алады, егер:

1) тұтынушы өздерінен немесе рыноктық оператор қалауы бойынша шарт жасалған энергия өндірушіге ұйымдардан электр энергиясын және (немесе) қуатын тапсырыс жасалған көлемінде жеткізу көбейтеді арттырады (төмендету) егер бұл екі жақты мерзімдік шарт жағдайларымен көзделінсе. Энергия алушы ұйымы генарация көтерілуі төмендету және жеткізілгеннен электр энергиясын және (немесе) қуатын шамасын техникалық оператормен келістіреді және рыноктық операторға өз түзетілген дұрысталған тапсырыс графигін ұсынады;

2) энергия өндіруші ұйым техникалық сипат себебінен электр энергия өндірісін төмендетеді және электр энергияны алып-сату екі жақты мерзімдік шарт жағдайларына сәйкес рыноктық операторға өз тұтынушыларына электр энергия тапсырысын төмендетуге өтінім жібереді;

3) Теңгеруші ЭҚКР-тегі - "бір сағат бұрын" сауда нәтижелері бойынша рыноктық оператор тәуліктік графикті реттейді, сонымен бірге теңгеруші электр энергиясын алып-сату мәмілесі жасалу фактісін белгілейді.

24. Тәулік графиктері осы Ереженің 22 тармағында аталынғандар бойынша жүргізілген негіздемелерде коррективлеу ескеріліп, теңгеруші ЭҚКР-тегі "бір сағат бұрын" және "бір күн бұрын" сауда нәтижелері бойынша тіркелген шарттар мен рыноктық оператор тіркеген шеңберде сұратылған екі жақты мерзімдік алып-сату шарттары рыноктық оператордың электр энергиясын алып - сату көлемін анықтауға негіз болып табылады.

25. Тәуліктік график өткізу процесінде рыноктық оператор тәулік график шеңберінде электр энергиясын жеткізу-тұтыну режимінің ЭҚКР субъектілерімен орындау мониторингін жүзеге асырады және рыноктық механизмдерді пайдаланып ағымдағы режим теңгерілуін жүргізеді:

1) Режим теңгерілуі үшін қажетті энергия шамасынан және тәуліктік графиктен ауытқу жөніндегі техникалық оператордан алынған хабардың негізінде рыноктық оператор ауытқуға жол берген ЭҚКР субъектілеріне ескертеді және оларға мыналарды ұсынады:

қос тараптық негізде жетпей жатқан электр энергиясына өздігінен қайта сұраным жасау;

рыноктық оператор арқылы теңгеруші ЭҚКР-н жетпей жатқан электр энергиясын сатып алу;

тәулік график деңгейінің белгісіне дейін тұтынуды шектеу (жеткізу, тапсырысты арттыру);

2) егер ескертілген сәттен 20 минут өткенше ЭҚКР субъектісі өз тұтыну режимін теңгермесе, рыноктық оператор техникалық операторға соңғысының тәуліктік графикке сәйкестелген режимінің ЭҚКР субъектісі мәліметтермен қамтамасыз ету жөніндегі шара қолдану қажеттігі туралы нұсқау береді;

3) режимді теңгерімді кезінде электр күшінің белгіленген тәуліктік график

мәндерінде 5 минут ішінде плюс 10 шегіндегі электр қуатының ЭҚКР жекелеген тұтынулары қысқа мерзімдік жүктемелеріне ықтимал жол беріледі.

## 5. ЭҚКР-дағы электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі тепе-теңдік балансы

26. Есептік кезең өткен соң есептіктен кейін айдың 20-на дейін нарықтық оператор Қазақстан Республикасы ЭҚКР-де электр энергиясының тұтынуының іс-әрекет тепе-теңдік жасау бойынша осы Ережеге қосымша ұсынылған нұсқаулықтарға сәйкес ЭҚКР субъектілері арасындағы өзара есеп айырысуды реттеуде негіз болатын іс-жүргізу балансын жасайды.

27. Рыноктық оператор есептік кезеңдегі фактілік баланс жасау үшін ЭҚКР субъектілерінен мынадай ақпараттарды талап етуге құқылы:

1) электр энергиясының және (немесе) қуатының сатушылары мен сатып алушыларымен белгіленген баланстық меншікті шектеудің нүктелеріндегі (бұл тармақша тәулікке тең есептік кезеңі белгіленген сәттен бастап күшіне енеді) ұзақ мерзімді дискретті жады бар электр энергиясын есепке алудың коммерциялық құралдардың өлшемдерінің тіркелген бірсағаттық деректері;

2) есептік кезеңдегі тәуліктік графиктерге белгіленген (барлық корректировкаларда ескерілген) мерзімдік ЭҚКР-н алып-сату екі жақты мерзімдік шарттар аясындағы электр энергиясын сұратылған тапсырыс көлемдері;

3) Есептік кезеңде орталықтандырылған сауда қорытындылары бойынша тіркелген теңгеруші ЭҚКР алып-сату мәліметтері бойынша теңгерімділік электр энергиясының жіберу көлемдері;

4) Есептік кезеңдегі ЭҚКР субъектілері энергия өндіруші ұйымдардың баланстық иелігі бойынша электр желілерін бөлініс туындаған босатылған электр энергиясын сатушы мен энергия беру ұйымдары арасындағы электр энергия көлемін коммерциялық есеп құралдары көрсетілімі негізінде жасалған салыстырып анықтау актілері;

5) ЭҚКР субъектісінің есептік кезең кезінде коммерциялық есептегі құралдардың көрсеткішімен электр энергиясын сатып алушылар мен энергия өндіруші ұйымдар арасында электр жүйелерінің баланстық бойынша салыстыру шегінің бөліндісі;

6) ЭҚКР субъектілері - тұтынушыларға (энергиямен қамтамасыз ету ұйымдарына) босатылған энергия өндіру ұйымдары мен электр энергияларынан алынып электр энергиясы Ұлттық және аймақтық энергия беру ұйымдарының баланстық иелігі бойынша электр желілерінің бөлініс шекарасында коммерциялық есеп құралдары көрсетілімі негізінде жасалған жиынтық балланстары. Егер ЭҚКР субъектісі электр энергиясын энергия беру ұйымдары желілеріне бір реттен артық қосылу бойынша алса (жіберсе) онда салыстырылу

анықтау актісінде мұндай қосылу бойынша да және барлық қосылу жинақтық бойынша да қажетті ақпарлар болуы тиіс.

28. Берілген және алынған электр энергиясының фактілік саны есептік кезеңнің соңғы күніндегі 24-сағатта анықталады.

29. Осы Ереженің 27-тармағында жазылған фактілік баланс жасаудағы мәліметтер ЭҚКР субъектілері арқылы рыноктық операторға факсимильдік растамасымен бірге электрондық пошта көмегімен (немесе рыноктық оператормен келісілген өзге де тәсілмен) есептегіден кейінгі айдың 10-күніне дейін жіберіледі.

30. Фактілік баланс жасауы кезінде рыноктық оператор мыналарды басшылыққа алады:

1) мерзімдік ЭҚКР-дағы электр энергиясын жіберу бөлігінде - электр энергиясының сұратылған көлемдерінен фактілік көлемдердің электр энергиясын болжам ауытқу шарттарымен алу-сату екі жақты мерзімдік шарттарда аталынған;

2) Баланстаушы ЭҚКР арқылы электр энергиясын жіберу бөлігінде - баланстаушы ЭҚКР электр қуаттылығын және (немесе) энергия күштілігін "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" алу-сату мәмілелерінде саудалары қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасын электр күштілігі мен энергиясы көтерме нарығында электр энергиясын жіберу тұтынуының фактілік балансын бекіту бойынша белгіленген нұсқаулықта ажыратылған дисбаланстар тәртібінде.

31. Электр энергиясын Ұлттық энергия беру ұйымының ЭҚКР субъектілері үшін электр энергиясын беруде пайдаланған өз желілеріндегі және басқа ұйымдардың желі элементеріндегі жоғалтуларды жабу үшін технологиялық қажеттіліктерде сатып алу, баланстаушы ЭҚКР арқылы және екі жақты мерзімді шарттар аясында электр энергиясын сатып алу ретінде фактілік балансга ескеріледі.

32. Рыноктық операторы ЭҚКР субъектілеріне келесі есептік кезеңгі айдың 20 дейін нақты балансты береді.

## 6. ЭҚКР-да электр энергиясын жіберу-тұтыну режимдерінің коммерциялық баланстальнуы

33. Рыноктық оператор резервтік баланстaлушы электр энергиясын және ( немесе) қуатын сатуға тапсырыстарды рыноктық оператормен белгіленген нысан бойынша есептік тәулік алдындағы тәуліктің 11 сағатына дейін энергия өндіру ұйымдарынан "бір күн бұрын" саудасында қабылдайды.

34. Баланстаушы электр энергиясын сатып алуға тапсырыстың "бір күн бұрын" саудаларында рыноктық оператормен белгіленген нысан бойынша есептік тәулік алдындағы 11 сағатына дейін рыноктық оператормен қабылданады

.

35. Сатылудағы ұсыныстардың баға бойынша ранжирленген тәуліктің әр бір сағаты бойынша жоғарылау тәртібінде ұсыныс электр энергиясының нақты графигі жасалады.

36. Электр энергиясын сатып алуға тапсырыстар бойынша сұраныстың жинақтық сағаттық графигі құралады.

37. Сұраныс пен ұсыныс кестелерін салыстыру кезінде сағаттық қуат тапшылығы анықталған жағдайда рыноктық оператор сатушылардан ұсыныстар жинау ресімін қайталайды.

38. Электр қуатын тәуліктің әрбір сағатына сатып алу жөніндегі өтінім бойынша анықталған қосынды ұсыныстың кестесін салыстырумен ранжирленген графигіне тәуліктің әр бір сағаттың жиынтық сұраныс шамасын енгізумен "бір күн бұрын" саудасына қатысушылар арасындағы есеп айыру үшін клирингтік баға анықталады.

39. "Бір күн бұрын" сауда нәтижелері бойынша баланстаушы электр энергиясын жеткізу графигі құрастырылады.

40. "Бір күн бұрын" баланстаушы электр энергиясын жеткізу графигі ескеріле рынок операторымен тәулік графигінің жобасы құрастырылады.

41. Тәулік графигінің жобасы техникалық оператормен техникалық сараптамадан өткеннен кейін және алдағы тәулікке электр энергиясын беру схемасы толықтай анықталғаннан кейін Рынок операторы тәуліктің 17 сағатына дейін саудаға қатысушыларды "бір күн бұрын" сауда нәтижелері бойынша хабарлайды.

42. Егер тәулік графигі техникалық сараптамадан өту барысында техникалық себептермен (электр беру желілерінің шектеулі жолдары жүйелердің жөндеу схемасы) қандай да бір мәмілелерді таратуда баланстаушы нарығында бұрыңғы өтінімдері электр энергиясын сату мүмкіншілігі болмаса, мұндайда сатушы ұсынған төменгі баға ескеріліп қалған өтінімдер пайдалана отырылып, сауда өткізу процесі қайталанады.

43. Баланстаушы электр энергиясының жіберу графигіне енген барлық сатылу тапсырыстары мен сатып алу тапсырыстарын рыноктық оператор "Бір күн бұрын" сауда нәтижелері бойынша белгіленген клирингтік баға бойынша баланстаушы ЭҚКР-нің электр энергиясын сату және сатып алу мәмілелері ретінде тіркейді.

44. Егер есептік тәулік алдындағы тәуліктің 18 сағатына дейін теңгерушісі электр энергиясының тапсырыстарының графигін жасау кезінде тапсырылмай қалған сатылуға шығарылған тапсырыстар саудадан шығарылмаса, рыноктық оператор ЭҚКР-нің субъектісімен жасалған шарт негізінде оларды алдағы тәуліктерге теңгеру ЭҚКР-нің резервін құрау үшін пайдалануға құқылы.

Теңгерушінің ЭҚКР-нің резервін құрау кезінде рыноктық оператор:

1) барлық сатылуға шығарылған тапсырыстарды тәуліктің әр бір сағатындағы үдемелі ұсыныс бағасы бойынша ренжирлейді;

2) ЭҚКР-нің субъектілеріне теңгеруші ЭҚКР-і резервінің болуы туралы ақпараттар жібереді.

45. Тәуліктік графиктік өткізу процесінде рыноктық оператор теңгеруші электр энергиясын сатуға және олардың сатып алуына "бір сағат бұрын" саудасында рыноктық оператор белгілеген нысан бойынша қосымша тапсырыстар қабылдайды.

46. Егер сатып алуға барлық тапсырыстарды қанағаттандыру үшін теңгеруші ЭҚКР-нің резервтері жеткіліксіз болса рыноктық оператор энергия өндіру ұйымдарына электр энергиясын және (немесе) қуатын теңгеруші ЭҚКР-да жіберу жөнінде ұсыныс жасайды.

47. Теңгеруші ЭҚКР резервін іске қосуына ұсыныстың ең төменгі бағасымен сатылуы тапсырысынан бастап мынандай жағдайларда жүргізіледі:

1) "бір сағат бұрын" саудасына олардың сатып алуына операторлық тәулік ішінде түскен тапсырыстар бойынша;

2) жабылуы сол сәттен бастап теңгеруші нарық арқылы энергиясын қуатын жіберу есебінен жүзеге асырылатыны жөніндегі алдын-ала ескертпесімен қоса тәуліктік графиктен ауытқуға жол берген ЭҚКР-нің субъектісіне дисбаланстың ағымдағы режимнің анықталған теңсіздіктерін жою үшін;

3) егер техникалық сипаттағы себептермен теңсіздік көзін айқындау мүмкін болмаса рыноктық оператор ЭҚКР субъектілерін алдын ала ескертуінсіз теңгеруші нарық резервін пайдалануға құқылы.

48. Теңгеруші электр энергиясын пайдалану туралы сағаттық мәліметтердің барлығы фиксациялануы және осы Ереженің 47-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген теңгеруші ЭҚКР резервін пайдаланған жағдайда теңгеруші контрагенттер арасындағы сату-алу мәмілелері ретінде ЭҚКР арқылы тіркеледі. Мұндайда тәуліктік әр бір сағатындағы аталған "бір сағат бұрын" саудасының клирингтік бағасы операциялық тәуліктің әрбір сағатындағы ұсынысында рыноктық оператор іске қосқан ең қымбат электр энергиясының бағасы бойынша анықталады.

49. 47-тармақтың 3 тармақшасында көрсетілген теңгеруші ЭҚКР резервтерін пайдаланған кезде теңсіздік көзінің анықталуы, мәміле көлемі мен тіркелуі есептік кезеңі өткен соң Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме нарығында электр энергиясын жіберу-тұтыну фактілік балансын жасау жөніндегі аталмыш нұсқаулықтармен және Ережелермен көрсетілген тәртіпте жүргізіледі.

50. Электр энергиясын контрактілік және фактілік жіберу және (немесе)

тұтыну көлемдері арасындағы теңсіздіктерді рыноктық оператор нақтыланған тәуліктік график мәліметтерімен бірге есептік кезең өткен соң коммерциялық есеп құралдары бойынша тұтыну және жіберу фактілік көлемдерін салғастыру жолымен анықталады.

51. Рыноктық оператор айқындаған теңсіздіктердің коммерциялық қатыстығында теңгеруші ЭҚКР электр энергиясын сату-алу мәмілелері ретінде рәсімделінеді.

52. Теңсіздіктерді коммерциялық реттеуде рыноктық оператор теңгеруші ЭҚКР электр энергиясындағы баға бойынша жүзеге асырады (әрі қарай - теңсіздік бағасы). Есептік кезеңдегі теңсіздік бағасы электр энергиясындағы "бір күн бұрын", "бір сағат бұрын" сауда қорытындылары бойынша есептік кезеңде теңгеруші ЭҚКР-де қалыптасқан ең жоғарғы клирингтік баға негізінде анықталады.

53. ЭҚКР субъектілеріне теңгеруші ЭҚКР-нан тұтынылған электр энергиясын және (немесе) қуатын төлеуге хабарлама жіберуді рыноктық оператор жасайды:

1) Теңгеруші электр энергиясын "бір күн бұрын", "бір сағат бұрын" сауда қорытындысы бойынша мәміле тіркелген сәттен 3 банктік күн ішінде;

2) Есептік кезең қорытындыларында айқындалған теңсіздіктер бойынша - есептіктен кейінгі айдың 25 күніне дейін.

54. Теңгеруші электр энергиясы сатушыларға рыноктық оператор теңгеруші ЭҚКР арқылы жіберген электр энергиясы үшін тиісті сомасы жөнінде және оларды сатуға:

1) Теңгеруші электр энергиясын "бір күн бұрын", "бір сағат бұрын" сауда қорытындысы бойынша мәміле тіркелген сәттен 3 банктік күн ішінде;

2) Есептік кезең қорытындыларында айқындалған теңсіздіктер бойынша - есептіктен кейінгі айдың 25 күніне дейін.

55. Теңгеруші ЭҚКР арқылы алынған электр энергиясы құнының төлемі рыноктық оператор ескертпесі негізінде сатушы берген есеп фактурасы алынған соң, тіркелген мәміленің атауы мен күні көрсетіліп "бір күн бұрын", "бір сағат бұрын" саудасы есептік кезең теңсіздігі 10 банк күнінің ішінде банктегі сатушының тікелей есебінен ЭҚКР субъектісі арқылы жүргізіледі.

56. Теңгеруші электр энергиясын сатып алушының қарыздары пайда болған жағдайда рыноктық оператор қарызгерге мерзімдік ЭҚКР-да электр энергиясын жіберуде шектеулер қоя алады.

## 7. Рыноктық оператордың ақпараттық қызмет ұсыну мазмұны, тәртібі және шарттары

57. ЭҚКР субъектілері олардың коммерциялық қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттар мен қамтамасыз ету үшін рыноктық оператор Интернет желілерін пайдаланып ЭҚКР-нің WED-сайтын ұйымдастырады.

58. ЭҚКР-нің WED-сайтында рыноктық оператор келесідегідей ақпараттар орналастырады:

1) ЭҚКР-ғы ұсынуға немесе қызметтер сатып алуға электр энергиясын (қуатын) сатуға немесе алуға ЭҚКР субъектілерінің тапсырыстарды;

2) "Бір күн бұрын" сауда нәтижесінде анықталған электр энергиясындағы клирингтік баға жөніндегі, алдағы операциялық тәуліктерге теңгеруші ЭҚКР резервінің болуы жөніндегі ақпараттар;

3) ЭҚКР-нің жұмыстарындағы режим шектеулері туралы энергия өндіру ұйымдарының негізгі технологиялық құрал жабдықтарындағы жоспарлық жөндеулеріндегі электр беру жолдарындағы коммуникациялық ақпараттар және тағы басқа;

4) Операциялық тәуліктердегі бекітілген ЭҚКР тәуліктік графигі;

5) Электр беру жолдарының өткізу қабілеттілігі туралы мәліметтер;

6) ЭҚКР-нің қызметіне қатысты басқа да ақпарат түрлері.

59. ЭҚКР-нің WED-сайтында орналасу үшін ЭҚКР-нің субъектілерінен тапсырысты рыноктық оператор демалыс күндерінен басқа күндері күн сайын сағат 10-ға дейін қабылдайды.

60. Негізгі ұсыныс түрлері бойынша тапсырыс формасын рыноктық оператор белгілейді және ЭҚКР-нің WED-сайтында орналастырады.

61. ЭҚКР-нің WED-сайтындағы ақпараттарды рыноктық оператор демалыс күндерінен басқа күндері күн сайын жаңартып отырады.

## 8. ЭҚКР-дағы қосалқы қызметтер

62. Қажеттілігіне сай рыноктық оператор мынандай қызмет түрлері мен тауарларын саудалауды ұйымдастыра алады:

1) жекелеген электр беру жолдарының бұл жолдарда жүктеме ауыртпалығы пайда болған кездегі жеткізім қабілеттілігі;

2) реттеуші электр қуаты;

3) резерв қуаты;

4) реактивтік қуат;

5) ЭҚКР-ғы өзге де тауар мен қызмет түрлері.

63. Қосалқы қызметтер құны Реттеуші органдардың келісімдері бойынша белгіленеді.

## 9. Рыноктық оператордың құқықтары мен міндеттері

64. Рыноктық оператор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногында энергиясының көтерме рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеуі туралы Ережелеріне және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес электр энергиясын және (немесе) қуатын сатып алушы немесе сатушының, Техникалық оператор мен Рыноктық оператор арасында жасалған "Электр энергиясы мен қуатының көтерме

рыногындағы бірлескен қызмет туралы" үшжақты шартта, осы Ережелерде өз құқығын көздеуі тиіс:

1) ЭҚКР-нің субъектілері ұсынған коммерциялық есеп құралдарының көрсеткіштерінің анықтығын тексеруді жүзеге асыруға;

2) Теңгеруші ЭҚКР-ғы электр энергиясын сатушылар мен алушылар арасындағы есеп айырысудың барысына бақылау жасауға;

3) ЭҚКР-нің субъектісіне электр энергиясын босатуды және жіберуді шектеуге, егер ол тұтынушы болып табылса немесе ЭҚКР-нің субъектісі тұтынушысын шектеуге, егер соңғысы теңгеруші ЭҚКР сатылуының сатылынған және немесе тұтынылған электр энергиясының қуатының есебін ЭҚКР-на уақытылы төлемеген жағдайда және рыноктық оператор қызметін уақытында төлемеген жағдайда электр энергиясын және (немесе) қуатын сатушы (қайта сатушы) болып табылса;

4) Сатып алынған (тұтынған) теңгеруші ЭҚКР-нан электр энергиясын уақытында төлемеген жағдайда сатушы мен келісім бойынша уақытында төленбеген және тұтынылған ЭҚКР-нің субъектісі электр энергиясының эквиваленттік орнын толтыруды тәуліктік графикте ескертуге;

5) ЭҚКР-нің субъектілерінен анық ақпарат алуға.

65. Рыноктық оператор осы Ережелерде және Шартта көрсетілген қызметтерді ЭҚКР-нің субъектілеріне кемсітусіз негізде беруге міндетті.

### 10. Рыноктық оператор қызметін тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері

66. ЭҚКР-нің субъектілерінің құқықтары мен міндеттері осы Ережелермен, Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногының ұйымдастырылуы және жұмыс істеу Ережелерімен өзге де нормативтік құқықтық актілермен және тиісті Шарттармен айқындалады.

### 11. Тараптардың жауапкершілігі және дау шешімі

67. Нарықтық оператор электр энергиясымен қызметін беру бойынша сатушылар мен энергия беруші ұйымдарының алдында жасалынған екі жақты мерзімді шарттар бойынша да теңгеруші ЭҚКР-нің мәмілелері бойынша да сатып алушыларға уақытында төлем жасамағаны үшін жауап бермейді.

68. ЭҚКР-нің субъектілері өздерінің міндеттерін орындамағаны үшін немесе дұрыс орындамағаны үшін қолданыстағы заңдарда және жасалған шарттарда белгіленген тәртіптерге сәйкес жауап береді.

69. ЭҚКР-нің субъектілерінің арасындағы қайшылықтар Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілген тәртіптерде шешімін табады.

Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрінің

2001 жылғы 12 қаңтардағы N 8
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының электр
энергиясы мен қуаты рыногының
Рыноктық операторының қызмет
көрсету Ережелеріне қосымша

## Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногында электр энергиясын жіберу-тұтынудың фактілік теңгерімін жасау жөніндегі Нұсқаулық

### 1. Жалпы Ережелер

1. Осы нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Электр энергиясы мен қуаты рыногының рыноктық операторының қызмет көрсету туралы Ережелері", " Қазақстан Республикасының Электр энергиясы мен қуатының көтерме рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеуі туралы Ережелеріне", Қазақстан Республикасының "Электр энергетикасы туралы" Z990438_ Заңына сәйкес жасалған.

2. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуаты көтерме рыногында электр энергиясын жіберу-тұтынудың фактілік теңгерімдерін жасауының тәртібі мен әдістемесін белгілейді.

3. Фактілік теңгерім жасалынуының тәртібі мен әдістемесін белгілейді.

### 2. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

4. Техникалық жабдықтаудың қолданыстағы жағдайларында фактілік баланстау үшін есептік кезең бір ай болып табылады. ЭҚКР-нің субъектілері электр энергиясы және (немесе) қуаты коммерциялық есеп құралдарымен ұзақ мерзімдік дискредиттік еске сақтағыштарымен, Техникалық және Рыноктық операторларға нормативтік техникалық талаптарды қанағаттандыратын уәкілетті орган бекіткен есептік кезең тәулікке дейін қысқартылады. Есептік кезең айдың бірінші күніндегі алматы уақытымен 00-00-дан басталып айдың соңғы күніндегі 24-00 де аяқталады.

5. ЭҚКР-нің субъектісінің ЭҚКР-де тұтынылған (жіберілген) электр энергиясының фактілік көлемі ЭҚКР субъектісінің баланстық иелік шекарасында қойылған коммерциялық есеп құралдарының көрсетімдері бойынша анықталады V980699_ .

6. Ұлттық энергия - беру ұйымдары желілеріндегі электр энергиясының фактілік жоғалту көлемі баланстық иелік шекарасында желісінде алынған және оның желілерінен босатылған электр энергиясының айырмасы ретінде анықталады.

Желі элементтеріндегі Ұлттық энергия беру ұйымдары жоғалтуына

жатқызылған және құрал-жабдықтарындағы ЭҚКР субъектілеріне электр энергиясын беру үшін Ұлттық энергия беру ұйымы пайдаланатын өзге де ұйымдардың электр энергиясының фактілік жоғалу көлемі сол ұйымдардың жүйелі элементтеріндегі және құрал-жабдықтарындағы электр энергиясының соларға қатысты берілген электр энергиясына тең; Ұлттық энергия беру ұйымдарының берудің жалпы көлеміне тең электр энергиясы жоғалту көлемінің жалпы үлесі ретінде анықталады.

7. Аймақтық энергия беру ұйымы техникалық қажеттіліктеріне желілердегі жоғалтуларды өтеу үшін және (немесе) өз тұтынушыларына сату үшін фактілік сатып алынған электр энергиясының көлемі баланстық иелік шекарасында желісінде алынған және оның желілерінен босатылған электр энергиясының айырмасы ретінде анықталады және аймақтық энергия беру ұйымдардың желісіне қосылған аймақтық энергия беру ұйымдары тікелей тұтынушыларының арасындағы айырма ретінде анықталады.

## 3. ЭҚКР-да электр энергиясының жіберу-тұтыну фактілік теңгерім жасау тәртібі

8. ЭҚКР субъектісінің электр энергиясын сатып алу көлемінің есебі есептік кезең ішінде аталмыш субъект электр энергиясын екі жақты мерзімді шарт аясында сатып алынған жағдайда, келесідегідей тәртіпте жүргізіледі:

1) Егер шарт жағдайы бойынша сатып алушының (W noki) фактілік тұтынылған W fakti барлық электр энергиясы шарт аясында қойылған деп есептелсе онда

W noki = W fakti фактілік тұтынылған электр энергиясына теңгеріледі;

2) Егер шарт жағдай бойынша электр энергиясының сатып алу көлемінің ауытқуы екі жақтық мерзімдік шарттағы нақтыланулар ескеріліп (заяви), тәуліктік графикте сұралынған аталмыш тұтынушының электр энергиясын тұтыну көлемі пайдасының шарт көлемінде белгіленген пайыздан артуы қажет болса, онда фактілік балансты жасау кезінде аталмыш сатушының электр энергиясының сатып алу көлемі (пок) осылайша анықталады.

ЭҚКР арқылы болған электр энергиясын сатып алу көлемінің фактілік балансын жасау кезінде ондай сатып алушы теңгеруші ЭҚКР екі жақты мерзімдік шарт аясындағы фактілік тұтыну және сатып алу көлемі арасындағы айырма ретінде анықталады:

$$Wnoki = Wfakti \quad W\ fakti < Wsaiui*(100+Kdon)/100;$$

$$Wnoki = Wfakti - Wdis, \quad W\ fakti > Wsaiui*(100 + Kdop)/100,$$

К доп - шарттағы тұтыну өтімінің өсім проценті;

W дисбалі - шартсыз баланстаушы ЭҚКР-нен тұтынуға алынған электр энергиясының көлемі (әрі қарай - дисбаланс көлемі);

3) әрбір шарт аясындағы аталмыш сатып алушы фактілік тұтынылған электр

энергиясының көлемі тұтынушының коммерциялық есеп құралдары көрсеткен фактілік тұтыну үлес ретінде барлық шарт көлеміндегі сұратылған сомасына осы шарт Wдисбалі - шартсыз баланстаушы ЭҚКР-нен тұтынуға алынған электр энергиясының көлемі көлемінің теңесетін теңгеруші ЭҚКР-ғы орталықтандырылған "бір күн бұрын", "бір сағат бұрын" сауда мәмілелеріндегі электр энергиясын шегерілуімен анықталады.

$$W_{дисбалі} = W_{факті} - W_{заяві} * (100 + К_{доп})/100$$

9. ЭҚКР-н электр энергиясын сатып алу ЭҚКР субъектілері арасында есептік кезеңде субъект электр энергиясын екі және екі жақты мерзімдік шарттардан жоғары аясындағы сатып алу көлеміне есеп айырысу төмендегідей:

1) аталмыш сатып алушы (і) әрбір шарт шеңберінде фактілік тұтынылған электр энергиясының көлемі тұтынушының коммерциялық есеп құралдары

белгілеген мәмілелері бойынша электр энергиясы көлемін баланстайтын ЭҚКР "бір күн бұрын" және "бір сағат бұрын" орталықтандырылған саудасында айқындалады, фактілік тұтыну үлесі ретінде барлық шарттар бойынша:

$$W_{фактіj} = (W_{факті} - EW_{балік}) * W_{заявіj} / EW_{заявіj}$$

Факті Wфактіj - екі жақты мерзімдік шарт аясында аталмыш тұтынуының фактілік тұтынған электр энергиясының көлемі.

Wфакті - есептік кезеңде тұтынушының коммерциялық есеп құралдарымен көрсетілген аталмыш тұтынушының і фактілік тұтынған электр энергиясының көлемі.

EWбалік - теңгеруші ЭҚКР-дегі бір күн бұрын және бір сағат бұрын орталықтандырылған саудада жасалынған барлық мәмілелердегі сатып алынған электр энергиясын жиынтық көлемі:

WЗаявіj - аталмыш шарт аясындағы аталмыш тұтынушының электр энергиясын сатуда сұратылған көлем.

EWЗаявіj - барлық екі жақты мерзімдік шарттағы электр энергиясының сатудағы сұратылған көлемі.

2) Әрбір шарттың аясындағы сатып алушы і электр энергиясының сатып алу көлемі 8-тармақта баяндалғандағыдай тәртіпте анықталады;

3) теңгеруші ЭҚКР арқылы аталмыш тұтынушы алған электр энергиясының көлемі орталықтандырылған саудаларда жасалған теңгеруші ЭҚКР алу-сату мәмілелеріндегі сатып алынған электр энергиясын әрбір екі жақты мерзімдік шарттар мен көлемдер бойынша табылған теңсіздік көлемдерінің жиынтығы ретінде анықталады.

10. Ұлттық энергия беру ұйымының технологиялық қажеттіліктерге сатып алынған электр энергиясының көлемі 8, 9-тармақта баяндалғандағыдай тәртіпте

анықталады.

11. Фактілік баланс жасау кезінде теңгеруші ЭҚКР электр энергиясын сату-алу тіркелген мәмілелерінде ЭҚР РЭМ қуат резервтерін іске қосуда, электр энергиясын алу-сату екі жақты мерзімдік шарттарды орындау аясында ЭҚКР субъектісінің j - энергия өндіру ұйымына электр энергиясының сату көлемі (Wпродj) 8-10-тармақтарына сәйкес есептелген. Электр энергиясы шарттарындағы сатып алынған жиынтық көлем ретінде анықталады.

Wпродj = ЕWпокij;

1) Теңгеруші ЭҚКР-ғы электр энергиясын сату-алу мәмілелерінде ЭҚР РЭМ резервтерін іске қосуда екі жақты мерзімдік шарт бойынша сатылған электр энергиясының көлемінен тыс энергия өндіру ұйымында теңгеруші ЭҚКР-да жіберілген (алынған) электр энергиясының теңсіздік көлемі (дисбал) ЭҚКР-да фактілік жіберілген электр энергиясы және екі жақты мерзімдік шарт, ЭҚР РЭМ резервтер енгізілуі және орталықтандырылған сауда мәмілелері аясында сатылған электр энергия арасындағы айырма ретінде анықталады.

Wдисбалj = Wфактj - Wпродj;

2) Мұндайда егер ЭҚКР-ғы фактілік жіберілген электр энергиясының көлемінен жоғары болса екіжақты мерзімді шарттар бойынша, онда ЭҚР РЭМ қуат қорын енгізу қосымша электр энергия өндіруші ұйымдардың қосымша өндірілген электр энергиясы теңгеруші ЭҚКР арқылы сатылған деп есептеледі;

3) Егер ЭҚКР-ға факт түрінде жіберілген электр энергиясы екіжақты мерзімдік шарттар бойынша сатылған көлемнен төмен болса ЭҚР РЭМ қуат қорының енгізілуі электр энергиясын өндіру ұйымдарының жетпеген электр энергиясының көлемі теңгеруші ЭҚКР арқылы сатып алынған деп есептеледі.

12. ЭҚКР-ғы электр энергиясын жіберу-тұтыну фактілік балансында әрбір энергия беру ұйымдары бойынша көрсетіледі:

1) ЭҚКР-да электр энергиясын нақтылануы ескерілген тәуліктік графикте сұратылған жіберу көлемі;

2) Энергия беру ұйымдарының баланстық иелік шекарасындағы коммерциялық есеп құралдары бекіткен ЭҚКР-ға жіберілген электр энергиясының фактілік көлемі;

3) қолданыстағы екі жақты мерзімдік шарттарында да, резерв енгізу жөнінде ЭҚР РЭМ мәмілелері бойынша да, электр энергиясының сұратылған және фактілік алу-сату көлемі;

4) шарт бойынша, соның ішінде Ұлттық энергия беру ұйымының әрбір сатып алушысына 8-10-тармақтарына сәйкес есептелген электр энергиясының сұратылған және фактілік сату көлемі;

5) теңгеруші ЭҚКР-ғы орынды электр энергиясын сату (сатып алу) көлемі, жеке түрде "бір күн бұрын" "бір сағат бұрын" сауда мәмілелері бойынша және

табылған теңсіздік көлемі бойынша.

13. ЭҚКР-ғы электр энергиясын жіберу-тұтыну балансында әрбір тұтынушы бойынша көрсетіледі:

1) электр энергиясын сатушылардың әрқайсысынан шарт бойынша электр энергиясын сұратылған және фактілік сатып алу көлемдері;

2) теңгеруші ЭҚКР-ғы орталықтандырылған электр энергиясын сатып алу көлемі;

3) теңгеруші ЭҚКР арқылы алынған электр энергиясын теңсіздік көлемі.

14. Жеке бөліммен фактілік баланста әрбір теңгеруші ЭҚКР Қатысушысының жеке түрде орталықтандырылған сауда да және табылған теңсіздіктердегі алу-сату көлемі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
электр энергиясы мен
қуаты көтерме нарығындағы
ұйымдастыру және жұмыс істеу
Ережелеріне 1 Қосымшасы

**Шарт формасы (нысаны)**

Қазақстан Республикасының бірлескен қызмет туралы

Алматы қаласы "___" _________20___ж

________________________________________ негізінде әрекет ететін әрі қарай, ЭҚКР Қатысушысы деп аталатын _________ _________________________________ негізінде әрекет ететін __________________________________________________________ әрі қарай, Техникалық оператор деп аталатын ____________ _________________________________ негізінде әрекет ететін әрі қарай, Рыноктық оператор деп аталатын ______________ __________________________________________________________ бірлесіп, Тараптар аталатын төмендегілер жөнінде осы шартты жасады.

**1. Жалпы ережелер**

Тараптар Қазақстан Республикасының ЭҚКР-дағы жұмыс кезінде Қазақстан Республикасының "Электр энергетикасы туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "ЭҚКР ұйымдастыру және жұмыс істеу Ережелерін", (ЭҚКР ҰжЖ Ережелері) "Техникалық оператордың қызмет көрсету " Ережелерін (ТОҚК Ережелері) "Рыноктық оператордың қызмет көрсету" Ережелерін (РОҚК Ережелері), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-техникалық құжаттар мен нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

**2. Шарт мәні**

Осы шарт мәні ЭҚКР-ғы бірлескен қызметтерін жүзеге асыру кезіндегі құқықтарын, міндеттерін және жауапкершіліктерін белгілеу болып табылады.

Осы шарт сондай-ақ ЭҚКР Қатысушылары мен Рыноктық оператор арасындағы соңғысының ЭҚКР Қатысушысына РОҚК Ережелеріне сәйкес коммерциялық диспетчеризациялау бойынша ақылы қызмет көрсету шарты болып табылады.

**3. Қызмет мәндері**

3.1. ЭҚКР-ғы тараптардың қызмет түрлері мыналар болып табылады:

3.1.1. ЭҚКР Қатысушысы ______________________________________ қызмет мәндерін көрсету: электр қуатын және (немесе) энергиясын сатып алу электр ______________________________________ қуатын және (немесе) энергиясын сату; электр энергиясын қайта сату ______________________________________ мақсатымен сатып алу немесе осы қызмет түрлерінің кез келген түрде тоғысуы. ______________________________________

______________________________________

3.1.2. Техникалық оператор - ЭҚКР-ғы электр энергиясы мен қуатын өндіру, беру және тұтыну режимдерін жедел-диспетчерлік басқару;

3.1.3. Рыноктық оператор ЭҚКР коммерциялық диспетчеризациялауы.

**4. ЭҚКР қатысушысының ЭҚКР-ғы электр энергиясын және (немесе) қуатын алу-сату құқығын алудағы шарттарды орындауы**

4.1. Тараптар, ЭҚКР ҰжЖ Ережелерімен белгіленген құқық алу шарттарын______________________________________ осы шарттың 3/1 тармағына сәйкес ЭҚКР қатысушысының қызмет түрін көрсету; ЭҚКР Қатысушысы келесідегідей көлемде орындағанына келісті, атап айтқанда:

4.1.1. Лицензиясы ______________________________________ көрсету: энергия өндіру ұйымы үшін - электр энергиясын өндіру ______________________________________ құқығы; қайта сатушылар үшін - электр энергиясын қайта сату ______________________________________ мақсатымен сатып алу құқығы; қалған жағдайларда лицензияның болуы талап етілмейді;

Берілген ______________________________________

